Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№7 (906)

22.02.2019

alatau_offset@mail.ru

alatau.aqparat

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК

ОБЛЫС ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

Алматы облысы әкімі Амандық Баталовтың халық алдындағы есептік кездесуі өтті. Жиынға облыстың елді мекендерінен жерлестерінің мұң-мұқтажын жеткізуге жиналған халық қарасы кездесу өткізілген Б.Римова атындағы облыстық драма театрын лық толтырды. Сондай-ақ, жиынға ҚР Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Жайсаң Ахметов, Денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаева, «Бәйтерек» ҰБХ басқарма төрағасы Айдар Арифханов қатысты. Өңір басшысы облыстың экономикалық дамуы туралы негізгі баяндамасы-нан кейін тұрғындар сұрақтарына жауап берді.

Есептік кездесудегі баяндамасында А.Баталов жетісу жұртшылығы еңбегінің арқасында экономиканың негізгі салаларында оң динамика сақталғандығын қуанышпен атап өтіп, жалпы өңірлік өнім 3,5 пайызға өсіп, 2,7 трлн теңгеге жеткендігін айтты. «Облысымызға 574 млрд теңге инвестиция тартылып, 31 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, бұл жоспардан 5,8 мыңға артық, жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ға дейін төмендеді, – деді. Нәтижесінде бюджетке 387 млрд теңге түскендігін жеткізді. Былтырғы жылы оң шешімін тауып, атқарылған нәтижелі істерді де халық назарына ұсынды:

«Біріншіден, халықтың ұзақ жылғы қалауы орындалып, Мемлекет басшысының Жарлығымен Райымбек және Кеген аудандары қайта құрылды. Соның нәтижесінде 700-ге жуық адам өз туған жерлеріне қайта оралды.

Екіншіден, халық – біздің басты байлығымыз. Осы орайда, облыс тұрғындарының саны 2 миллионнан асып, республикадағы ең ірі аймаққа айналдық.

Үшіншіден, Елордамыздың 20 жылдығына байланысты Астананың төрінде Жетісудың тұмарындай болған «Жетісу» саябағын жаңарттық. Саябақтың жаңа келбеті астаналықтарды қуантып, Елбасы облыс жұртшылығының еңбегіне жоғары баға берді», – деді.

Жиын барысында облыс басшысы экономикалық және әлеуметтік мәселелерге тоқталып, биылғы жылы өткен жылғы көрсеткіштен әлдеқайда жоғары нәтиже көрсетуді жоспарлап отырғанын айтты.

ӨНЕРКӘСІП

Облыс экономикасының тұрақты өсімі Мемлекет басшысының Жолдауларын іске асыру арқылы қамтамасыз етілгендігіне тоқталған облыс әкімі Елбасы Жолдауында аталған индустрияландыру мәселесі жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс екенін атап өтті. «Сондықтан, еңбек өнімділігі жоғары өңдеу секторына баса назар аударылуы тиіс. Ол облыс өнеркәсібінің 86 пайызын құрайды. Ірі кәсіпорындарда цифрландыру мен инновациялық технологияларды пайдалану есебінен өнеркәсіп өнімінің көлемі 884 млрд теңгеге жетті, биыл 1 триллионға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз», – деді А. Баталов. Сондай-ақ, Қапшағай қаласында іске қосылған, Қазақстан ұн өнімдерінен жасалған азық-түлік пен жартылай фабрикатталған өнім шығаратын «Маревен Фуд» зауытына 15,4 млрд инвестиция тартылып, 500-ден астам жұмыс орны құрылды.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

Осыдан соң сөзін ауылшаруашылығы саласында атқарылған істерге бағыттаған облыс басшысы агроөнеркәсіп кешеніне 82 млрд теңге инвестиция тартылғанын атап өтті. Жақында Кеген ауданына барған өңір басшысы бұрын мұнай саласында жұмыс істеген кәсіпкерлердің қомақты қаражатқа ірі қара мал өсіріп, оның етін өңдейтін кешен салғанын көріп, ризашылығын білдірген. Ал, бүгінде олар 6 мың бас ірі қара бордақылауда. «Болашақта жоғары сапалы «мрамор» етін өндіріп, экспортқа шығаратын болады», – деді өңір басшысы.

Жалғасы 2-бетте.

Акцияның аяқталуына 27 күн қалды!

Жазыл да, ҰТЫП АЛ!

I орын
Смартфон Samsung Galaxy A6

II орын
Шаңсорғыш
Bosch BGS05A220

III орын
Мультиварка
REDMOND RMC-M252

IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M

V орын
Блендер
Elenberg
HAT-9601E

VI орын
Миксер
Elenberg
SW-601

Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар ақпан айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.

Ескерту: *ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.*

АҢДАТПА

ПОШТА ҚЫЗМЕТКЕРІ КЕЙУАНА-НЫ НЕГЕ САРСАҢҒА САЛАДЫ? 4-бет

КӨППЕН БІРГЕ КӨРГЕНІҢ ҰЛЫ ТОЙ! 5-7-бет

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ АЙТЫСКЕРЛІГІ ЖАЙЛЫ 13-бет

ЕЛІНІҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАТЫН ҺАС ШЕБЕРДІ ТАРТУ ЕТУ – МЕНІҢ АРМАНЫМ 15-бет

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Бауыржан БАЙБЕК:

Алматыда тұрмысы төмен көпбалалы отбасыларға 1 млн теңгенің сертификаты беріледі.

1276 отбасының алғашқы жарнаны төлеуге мүмкіндігі болмағандықтан, қала бюджетінен бір миллион теңге көлеміндегі сертификаттар бөлінетін болады.

Мәдина ӘБІЛҚАСЫМОВА:

Жәрдемақы көтерілетінін мәлімдеді.

Әртүрлі ұсыныстарды қарастырып, талдап жатырмыз. Бейсенбіден кейін қандай да бір нәтиже белгілі болады

ТАЛҒАР АУДАНЫНДА ТҰРАТЫН БЕС БАЛАСЫ БАР ЖАНБОЛАТОВТАР ОТБАСЫНА «ӘЛІШЕР» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ ӨЗ ҚАРЖЫСЫНА ҮЙ АЛЫП БЕРДІ.

Облыс басшысы Амандық Баталов Талғар ауданы әкіміне жас отбасыға көмек көрсету мүмкіндіктерін қарастыруға тапсырма берген болатын. Әлеуметтік желі жарияланымына орай

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ ҮЙЛІ БОЛДЫ

«Әлішер» шаруа қожалығының жетекшісі Асқар Сүлейменов көмек қолын созуды жөн көріп, Т. Рысқұлов ауылынан барлық қолайлы жағдайы жасалған жаңа үш бөлмелі үйді сыйлаған.

Бұған дейін өздері жалға алып тұрған, бұрын монша ретінде пайдаланылған жатақтан жаңа үйге көшірілген жас отбасын жаңа қонысымен құттықтауға облыс әкімі Амандық Баталов барды. Көп балалы отбасы отағасы Қуаныш Жанболатқа жаңа баспананың кілті мен құжаттарын табыс етті. Аудан әкімі көмек ретінде азық-түлік, көмір жеткізіп, 3 айлық сәбиге қоларба және басқа да балаларына ойыншықтар алып берді.

Жаңа үйге қоныс аударған көп балалы отбасы өз ризашылықтарын білдіріп, өңір басшысы Амандық Ғаббасұлы мен Асқар Сүлейменовке рақметтерін айтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Алматы облысы көліктік бақылау инспекциясы, «Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша автокөлік құралдарының қозғалысын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 11 наурыздағы № 162 бұйрығымен (бұдан әрі – Бұйрық) жыл сайын көктемгі мезгілде дара білікке жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының ҚР жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарымен қозғалысына уақытша шектеулер енгізілетінін хабарлайды.

Осы шектеулер IV жол-климаттық аймаққа-тиісті жылдың 23 наурызынан 1 мамыр аралығында, V жол-климаттық аймаққа – тиісті жылдың 1 наурызынан 1 сәуір аралығында осы Бұйрықтың – 2 қосымшасына сәйкес әрекет етеді.

Бұл мезгілде автокөлік құралдарының республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарымен жүріп өтуі кезінде, осы Бұйрықтын 3-қосымшамен белгіленген автокөлік құралдарының дара, қосарланған және үштік біліктеріне рұқсат етілетін біліктік массалар сақталуы тиіс.

Өз кезегінде, шектеулер халықаралық жүктерді және жолаушылар тасымалдарын, төтенше жағдайларды жою, алдын алу жөніндегі іс-шараларды әрі зардап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек көрсетуді жүзеге асыратын, азық-түліктерді, дәрі-дәрмектерді, жолаушылар мен багаж тасымалдарын жүзеге асыратын, сондай-ақ қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу үшін мердігер ұйымдарға берілген учаскелердегі қолданыстағы жамылғы бойынша жол-құрылыс жұмыстарына тартылған автокөлік құралдарына таратылмайтынын атап өтеміз.

Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты.

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК

ОБЛЫС ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Өңіріміздің басты байлығы қант қызылшасын өсіруге айрықша көңіл бөлінгеніне тоқталды. Көксу және Ақсу қант зауыттары 42 мың тонна қант өндірген. Биыл қант қызылшасының көлемін 14 мың гектарға жеткізіп, 485 мың тонна тәтті түбір алу жоспарланып отыр. Облыс әкімінің баяндамасында айтылған мәліметке сүйенсек, биыл Алакөл және Қарабұлақ қант зауыттарын қалпына келтіру, Қапшағай қаласында жаңа қант зауытын салу көзделуде. Райымбек ауданында 26 бірлік техника мен картоптың элиталық тұқымдарын сатып алып, екі сервистік-дайындау орталығы құрылған. Мал шаруашылығында мал мен құс басы көбейіп, ет өндірісі 3%-ға, сүт 4,8%-ға, ал жұмыртқа 4,4%-ға өскен.

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

А. Ғаббасұлы 2019 жыл «Халықтың әл-ауқатының өсуі, өмір сапасы мен табыстарының артуы» деген ұранмен өтетіндігін айтты. «Бізде баспана кезегіне тұрушылар саны артып келеді. Қазіргі таңда бұл қатарды құраушылар 43,3 мың адам, ал жер телімдері бойынша 151,6 мың адам кезекте тұр. Сондықтан биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жұмысты екі есеге арттырмақпыз. Мұнымен қатар несиелік, арендалық, коммуналдық үйлер, барлығы 924 пәтер тұрғызылатын болады», – деді облыс әкімі. «7-20-25» бағдарламасы бойынша үй салынатын жерлер анықталып, 2025 жылға дейін 4 млн шаршы метр баспана тұрғызылып, 104 мың отбасы үйлі болмақ. Баспанаға қол жеткізетіндердің қатарына мұғалімдер, медицина қызметкерлер мен әлеуметтік аз қамтылған тұрғындар, оның ішінде көпбалалы отбасылар да енгізілді.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ

Көпбалалы отбасылар үшін Талдықорған қаласында көпқабатты тұрғын үйді жобалау жұмысы басталды. Коттеджді қалашықтан да баспана ұсыну жоспарда бар. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 1 млн теңгеден, барлығы 300 млн тенгенің тұрғын үй сертификатын берілмек. Жағдайы төмен отбасының балалары мектепте 100 пайыз тегін ыстық тамақпен қамтылады. Көпбалалы аналардың қалалық қоғамдық көлікте тегін жүру мүмкіндігі қаралатын болады. Бүгінге дейін мұндай жеңілдік түріне зейнеткерлер, студенттер мен оқушылар ие болып келді.Балабақшалардағы көпбалалы және аз қамтылған отбасы жеткіншектерінің тамағын субсидиялауға да 1,2 млрд теңге қарастыру көзделуде. Ол арқылы ата-аналардың балабақша төлемақасының 50 пайызын ғана төлеуіне мүмкіндік ашылмақ. «Осы мәселені шешуге Елбасы нақты тапсырма берді. Облыс, аудан, ауылдық округ әкімдері оның жолдарын қарастыруда», – деді А. Ғаббасұлы.

ИНФРАСТРУКТУРА

«Бүгінгі таңда облысымыздағы автомобиль жолдарының 78%-ы жақсы және қанағаттанарлық деген деңгейде. Жыл сайын жол жөндеу жұмыстарына 30 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінеді. Биылғы жылы «Талдықорған – Өскемен», «Үшарал – Достық» «Құрты – Бурылбайтал», «Ұзынағаш – Отар» автожолдарын реконструкциялау жобасын жүзеге асыру басталды», – деген облыс әкімі тұрғындардың жол мәселесіне қатысты қойылған сауалына да жауап беріп, «Қазіргі кезде жергілікті жолдарды жөндеуге қомақты қаражат бөлініп, бұл жұмыстар ретімен шешілуде. Сондықтан, аталған жолды жөндеуге де көңіл бөлінетін болады», – деп жеткізді.

А. Баталовтың сөзінше өңірлерді газдандыру жүйесі 30%-ды құрайды. 798 мың тұрғыны бар 142 елді мекен көгілдір отынмен қамтамасыз етілген. Газды көпқабатты үйлерге қосушу қызметі 30 мыңнан 8 мың теңгеге төмендетілді.

БІЛІМ БЕРУ және ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ

Өткен жылы тоғыз мектеп салынып, 30 нысан күрделі жөндеуден өтті. «Үш ауысымды оқытуды жою үшін төрт мектеп салынды. Бірақ, әлі де сондай 34 мектеп қалып отыр. Олардың тоғызының құрылысына республикалық және жергілікті бюджеттен 4,7 млрд теңге бөлінді. Оның алтауы биыл бітеді деп жоспарланудa», – деді А.Ғаббасұлы. Денсаулық сақтау саласында өткен жылы 15 нысан салынды, биыл 12 насыннаң құрылысы жүргізіледі деп жоспарлануда.

Есепті кездесу барысында облыс әкімі А. Баталовқа өңірдің әр елді мекенінен келген тұрғындар, соның ішінде, көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар толғантып жүрген сауалдарын қойды. Залға жиналған тұрғындар тарапынан ауызша және жазбаша нысанда 30-дан астам сұрақ қойылды. Жолданған сұрақтардың басым бөлігі автокөлік жолдарын жөндеу, таза ауыз су және баспанамен қамтамасыз ету, тұрғын үйлерге газ тарту, жер мәселесі, көп қабатты үй ауласын абаттандыру, туризм саласын дамыту, жаңа қазандықтар орнату, ұрлық-қарлықты болдырмау мәселелері төңірегінде өрбіді.

Жиында тұрмыс жағдайы төмен, асыраушысынан айырылған көп балалы аналардың күрделі мәселесін қарау үшін оларды жеке қабылдайтынын айтып, уәде етті. Облыс басшысы сұрақ жолдаған тұрғындар мәселесін жауапты басқарма басшыларына, орынбасарларына табыстап, қатаң бақылайтындығын ескертті.

Д. БЕРЕКЕТ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«Ешьте больше фруктов и овощей!» — вероятно, важнейший совет из тех, которыми большинство людей ежедневно пренебрегают. Оказывается, увеличение количества зелени в рационе может предотвратить старение головного мозга, а помидоры и яблоки могут восстановить легкие бывших курильщиков и это, наверное, только часть той пользы, которая может нам принести питание овощами и фруктами на постоянной основе.

ЕСЛИ БЫ ЭТО БЫЛО «СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ»

Ну да, говорим что важно, говорим что нужно, но, насколько же сейчас мы имеем доступность вот этих вот важнейших продуктов питания на нашем рынке. Небольшая емкость тепличного рынка, дает нам маловато выбора всего нашего и естественно высокие цены на продукцию, особенно в зимний период. Для того чтобы цены на рынке не били по кошельку желательно развить бренд «СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ». Развитие теплиц направлены на то, чтобы обеспечить население экологически чистыми отечественными продуктами, снизить колебания цен на овощи в период межсезонья, а также зарекомендовать на мировом рынке казахстанские бренды. Но, современное производство овощей «под крышей» требует немалых капиталовложений и сопряжено с определенными рисками.

История развития теплиц в Казахстане такова:

Тепличная отрасль в Казахстане получила свое развитие в 70-х годах, когда в стране был создан большой парк стеклянных теплиц на базе антрацитовского завода сборных теплиц, располагавшегося на Украине. На момент 1990 года в стране насчитывалось 560 га площадей закрытого грунта, из которых 58,5 процентов составляли весенние пленочные теплицы, которые обеспечивали почти 4 процента плодоовощной продукции от валового сбора овощей. Относительно низкие цены на энергоносители сделали эту область сельского хозяйства весьма рентабельной. Однако, после развала Советского Союза многие теплицы пришли в упадок или закрылись. Вторую жизнь теплицы получили в 2008 году, когда правительство РК через Национальный холдинг «КазАгро» запустило сначала пилотный в Шымкенте ТОО «Азия Трейд», а затем уже полноценный проект по восстановлению и строительству новых инновационных тепличных комплексов. Согласно данным исследования РФЦА Рейтингс, в 2008 году в Казахстане насчитывалось 108 тепличных комплексов общей площадью 58,6 га, предназначенных для овощеводства в закрытом грунте. Основное производство теплиц приходится на томаты, огурцы и зелень. Большая часть тепличных комплексов в те времена были расположены в южной части Казахстана. На один только Шымкент приходится 459,8 га закрытого грунта. Далее следует Алматинская область с 44,9 га и Карагандинская область с 21,5 га теплиц. Однако, этих площадей в те годы было недостаточно, так как теплицы, расположенные на территории Казахстана, не в состоянии покрыть потребность населения в овощах в период межсезонья. В этот период потребность населения в овощах удовлетворяется лишь на 10 процентов от необходимого количества, то есть всего лишь 3500 тонн/год овощей в закрытом грунте. Развитие тепличного бизнеса в Казахстане в последние десять лет переживало большой подъем. Цифры сами говорят за себя. По данным АО «Казагромаркетинг», в 2016 году используемая площадь теплиц составила уже 1061 га. Таким образом, она выросла за десять лет в 18 раз. При этом площадь теплиц в сельхозпредприятиях составила 2043 га, в фермерских хозяйствах – 477 га, в личных хозяйствах – 379 га. В основном в теплицах выращиваются овощи защищенного грунта. Производство овощей в 2016 году составило 1594, 8 тыс. тонн, из которых 294, 9 тыс. тонн было собрано в сельхозпредприятиях, 819, 8 тыс. тонн – в фермерских хозяйствах, 480,1 тыс. тонн – в личных подсобных хозяйствах населения. Таким образом, только в Алматинской области на 1 января 2018 года имеется 99 действующих тепличных хозяйств общей площадью на 92,7 гектаров.

валовый сбор составил 31,4 тыс. тонн (2017 год - 27,9 тыс. тонн), увеличение на 3,5 раза в соотношении с прошлым годом. В 2019 году планируется расширение, ввод новых тепличных хозяйств на 17,7 гектаров.

Такова наша статистика и надеемся, что со временем будет только лучше. Потому что, если пройтись по рынкам города Талдыкорган, то цены на самые главные продукты питания везде разные. И скачок цен каждый раз не совсем радует жителей. Например, сейчас на «базаре» картофель стоит 80-200тг, морковь 100тг, лук 80-100тг, капуста 200тг, свекла 120-200тг за килограмм, овощи еще можно приобрести, но вот помидоры которые стоят от 500 и до 1000тг и огурцы 950тг за килограмм точно бьют по карману. Фрукты, как обычно везде дорогие. Например: мандарины 350-800тг, виноград 600-800тг, бананы 480-550тг, а вот у яблок цены разные, в зависимости, от их вида начиная с 220 до 800тг за килограмм.

Фрукты – это дорогое удовольствие. Поэтому при покупке будьте готовы раскошелиться.

Овощи, фрукты и ягоды — важнейшие источники витаминов С, Р, некоторых витаминов группы В, провитамина А (каротина), минеральных веществ (особенно солей калия), ряда микроэлементов, углеводов, фитонцидов, способствующих уничтожению болезнетворных микробов, массы биологически активных веществ, а также пищевых волокон, необходимых для нормальной работы кишечника. Польза овощей в питании человека подтверждена научными исследованиями и практическими наблюдениями. Несмотря на высокие цены, употребляйте больше овощей и фруктов. Ведь здоровье превыше всего.

А.АКЫБАЕВА

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚЫРМАН ХАТЫ

ПОШТА ҚЫЗМЕТКЕРІ КЕЙУАНАНЫ НЕГЕ САРСАҢҒА САЛАДЫ?



«Болмаса газет-журнал білу қиын,
Көзімен көре алар ма һәр кім барып.
Жылында төрт-бес теңге төлеп тұрсаң,
Кісіден сұрамай-ақ болдың қанық».
Осылай деп Міржақып Дулатұлы газет-журналдың пайдасы туралы өткен ғасырда жазып еді. Бүгін ше? Бүгін халық арасында «Қазір – әлем алақанда. Интернет заманы. Газет-журналдарды кім оқиды?» деген өте қате түсінік қалыптасты. Түкпір-түкпірдегі түрлі оқиғаларды интернет арқылы біліп, суреті мен бейнежазбасы арқылы тамашалайтын оқырмандардың кейбірі мәдени мұраның орнын ешбір әлеуметтік желідегі ақпарат толтыра алмайтынын түсінбейді. Екінші қатары әлем ақпараттық дүниеге әлдеқашан өтіп кетсе де, қолмен ұстап, көзбен көріп, исін сезіп оқу деген мүлде бөлек дүние екенін мойындайды. Дей тұрғанмен, пікірі мен пайымы бөлек халықтың көзқарасы екіге жарылуы заңды.

Шындығында газет халыққа керек емес болса, онда өзі-ақ өмір сүруін тоқтатпай ма? Өзекті оқиғаларды уақытылы оқырманға жеткізе біліп, қараша қауымның күйін күйттейтін басылымға жазылушылар неге толастамайды? Өйткені, біз – «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп өткір тілдің, шешен сөздің қадірін білген қазақтың ұрпақтарымыз.

Заман өзгерді, керуен көшті. Нарық заңы билеген күні бүгін ақпарат құралдарын алалау басым. Оны жасырып-жабудың, жуыпшаюдың да қажеті шамалы іспетті. Мемлекеттік газеттерге жаздырып, жеке басылымдарды тоқалдан туған баладай кейінге ысырып тастайтын әкім-қаралар жергілікті пошта байланысын да уыстарында ұстап отыр. Өздерінің жүрек қалауымен жазылғысы келетін басылымдарға кедергі келтіретіндер туралы сан мәрте естігенбіз. Біз мемлекеттік басылымдар ұқсап жаздырып беріңдер деп жылу сұрап отырғанымыз жоқ. Халықтың еркіне салдық. Құдайға шүкір, көштен қалып жатқан жоқпыз.

Бүгінгінің пайымы: «Піс қазаным, піс» деп отыра беруге болмайды. Оқырмандарын көбейту мақсатында «Алатау» облыстық қоғамдық-саяси газеті акция ұйымдастырып, ұтыс ойнатпақ. Бұл турасында газетімізге жариялап келеміз.

Елдің дауына араласып, қараша қауымның есесін қайтаруға күш салып, әділ төрелік жасап жүрген газетімізге арыз-шағым айтып келушілер аз емес. Жолымызда әдеттегінше көзді жұмып, тілді тістеп қалуға болмайтын түрлі мәселелер кездесті. Бірақ бүгінгі арыз – бұрынғы арыздардан өзгерек.

Ақсу ауданы Арасан ауылы Ақын Сара көшесінің тұрғыны Крыкбаева Фарида есімді зейнеткер редакцияға хабарласып, өкпе-ренішін айтып, хат жолдайтынын жеткізді.

Шағымнан соң «Қарап жатқан жыланның,
Құйрығын неге басасың?
Шағайын деп шақпаса,
Шошынып неге қашасың?»
деуден басқа амал қалмады. Олай айтуымызға себеп болғаны төмендегі мәтін:

«Құрметті, «Алатау» газеті!

Мен зейнеткер Крыкбаева Фарида Ақсу ауданына қарасты Арасан ауылының тұрғынымын. Сіздердің газеттеріңіз алғаш жарыққа шыққан 2001 жылдан бері жазылып келемін. Сол дәстүрмен биыл да газетке жазылдым. Бірақ, жарты жылға ғана. Зейнетақымның мөлшері аз, газет қымбаттады.

Жалғызбасты, қарт адаммын. Өзім ештеңе жасай алмағандықтан жұмыстарымды адам жалдап жасатып, ақысын төлеймін. Олардың сұрауы да көп. Не амалым бар? Жалпы бүгінгі күні барлығы қымбаттады ғой. Арзан дүние көрсек қуанатын болдық.

Газетке 25 пайызбен жазылуға болатын акцияны көрген соң екінші жартыжылдыққа жазылуды ұйғардым. Бұл зейнеткерлер үшін айтарлықтай көмек. Сонымен бірге тек жазылып қана қоймай, ұтыс ұтып алуға да болады.

Жасым 80-ге таяп қалса да осы уақытқа дейін ештеңе ұтып көрмеппін. Жаңа жылда тілектер орындалады дейді ғой. Наурыз – жыл басы. Мүмкін, жолым болып қалар...

Сол үшін газетке жазылуға поштаға барып едім, қызметкерлері 25 пайызбен жазылуға кедергі болды. Оларға акциямен газетке жазылуға болатынын, ұтыс ойнатылып жатқанын дәлелдей алмадым. Сосын сіздерге хабарласып, мәнжайды анықтадым.

Сіздер оларға ескерту жасамасаңыздар, адамдарды шатастырып жүр. Әсіресе, ауылдық жерлерде бұл жағдай көп кездеседі».

Бұға берсең, сұға берединің кебін келтірмеген көзі ашық оқырманымыз іске мойынсұнып, кері бұрылып кетіп қалмай, қайтадан хабарласып, істі біржақты қылғаны қуантты. Ал қызметкерлер ісі ақтауға келе ме?

Пошта қызметкерлеріне сеніммен қарап отырған редакция ұжымы бұл шағымнан соң тыныш қала алмадық. «Сен тимесең, мен тимейін, бадырақ көз» деп осындайда дана халқымыз бекер айтпаса керек-ті. Ақсу аудандық пошталық байланыс бөліміне хабарласып, болған жайдың мәнісін анықтағымыз келді. Хат жіберемін дегеннен-ақ істі аяғына шығаруды көздеп едік, 10 минуттың ішісыртында пошталық байланыс бөлімі оқырманның қай ауылдан хабарласып, қай пошта бөлімшесінде тұрғанын біліп берді. Алайда берген жауаптары мардымсыз, сол баяғы: «түсінбестік».

«Біз анықтадық. Олар бірбірін дұрыс түсінбепті. Фарида апа қазір поштада тұр екен, Арасан ауылынан. Сол ауылдың пошта бөлімшесінің қызметкері апаны газетке акциямен жазып, түбіртегін қолына берді» – дейді.

Сонда, сексенге келген кейуананы селкілдетіп, сұранысын өтеп бермеген ауылдық пошта қызметкері сауатсыз ба? Газеттің бетіндегі айғайлап тұрған жарнаманы көрмей ме? Егер өзі білмесе, аудандық байланыс бөлімінен сұрамай ма? Бұл мәселені біз аяқсыз қалдырмай, кейуананың редакцияға жазған шағым хатын «Қазпошта» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры Мұхит Көрібаев мырзаға жолдауды жөн көрдік.



ТҮЙІН:

Халықтың мұңы мен сырын, айтар ойын жеткізіп, бірге жасасып келе жатқан басылымға жаздырмауға кім кедергі? Себебін екі-ақ түрлі пікірмен жобалаймыз. Пошта қызметкерлері өз міндеттері туралы жете білмейді. Болмаса, жеке басылымдарға жаздырмауға арнайы тапсырма бар.

Осы және басқа да оқиғаларға назар аударсақ, бізде ушықпай тұрып, уақытында шешілетін іс бар ма? Қыл-аяғында көз жасын көлдеткен көпбалалы аналардың мұңы, әлеуметтік жағдайы төмен халықтың шері де шектен шыққан соң Елбасының өзі араласты. Міне, біздің жергілікті биліктің халықпен қалай жұмыс жасайтынын осыдан көруге болады. Соның бір тармағы – пошта қызметінің кейуананың қолына қалам алып, арыз жазуына себепкер болу.

Айта кетейік, біз ешқандай оппозициялық басылым емеспіз. Ұстанып отырғанымыз – Елбасының саясаты. Рас, мемлекеттік басылымдардай көзді жұмып отырған жоқпыз. Ақиқатты ашық айтамыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: ештеңе ескерусіз қалмайды...

Шынар **ЖЕҢІСҚЫЗЫ.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨППЕН БІРГЕ КӨРГЕНІҢ ҰЛЫ ТОЙ!

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ – саясаттанушы, қазақ көшінің зерделеушісі, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-еңбек саласының үздігі, ақын.

«Өткеннің өкінішін айтқанда, елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алып кемшіліктерден безе түсетіндей етіп айту керек».

Н.Ә. Назарбаев.

– Сіз атажұртыңызда кәсіпкерлікпен шұғылданып, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған соң мемлекеттік қызметке орналасып, облыстық көші-қон департаментінде, Астана қаласында Көші-қон комитетінде облыстық көші-қон департаментінде жетекші маманнан департамент директорының орынбасарына дейінгі қызметтерді абыроймен атқарып, осы саланың үздік қызметкері атағына ие болдыңыз. Көші-қон саласы бойынша тәжірибелі мамансыз және ақынжанды ел сыйлаған азаматсыз. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының заңы және осы заң аясында қызмет атқаратын мемлекеттік мекемелер жайында оқырман қауымға өз ой пікіріңізді жеткізе толыққанды айтып берсеңіз?

– 1997 жылы алғаш рет «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бекітілді. Бұл заң талаптарын жүзеге асыру ісімен он министрлік және жергілікті атқарушы органдар жұмыс жасайды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі құрылды. Облыстарда көші-қон басқармалары қызмет атқарды. 2004 жылы осы Агенттік таратылып, Еңбек министрлігінің жанынан Көші-қон комитеті құрылды. Облыстарда Көші-қон департаменттері қызмет атқарды. 2010 жылдың соңында Комитет таратылып Ішкі істер министрлігіне қосылды. 2013 жылы қайтадан Еңбек министрлігінің жанынан Көші-қон комитеті құрылып облыстардағы құрылымы бөлім ретінде облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік басқармасына берілді. 1997 жылдан 2011 жылға дейін Халықтың көші-қоны туралы заңына 9 рет өзгеріс енгізіліп, 2011 жылғы 22 шілдеде толығымен өзгертілді деуге болатындай жаңа заң қабылданды. Бұл заңға да 2011 жылдан 2016 жыл аралығында 4 рет өзгеріс енгізілді. Енді осы ақпан айында тағы өзгеріс енгізіледі деп күтілуде. 2012 жылдың соңындағы енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасының Президентінің көші-қон саласындағы саясат, бағыт, бағдарламалары көші-қон үрдісі бойынша процесстерді жүзеге асыру тетігі жергілікті атқарушы орган яғни облыс әкімдігінің құзырына берілді.

Заңға өзгеріс енгізілгеннен кейін Министрліктер өздерінің ереже, қағида, стандарттарына өзгеріс енгізеді.

Бұны айтып отырғаным, 1997 жылға дейін тек Үкіметтің арнайы қаулысымен бекітілген бұйрықтармен ғана ешбір келеңсіздік туындатпай-ақ облыс, аудан әкімдіктері өздері келген қандастарымызды орналастыра беретін. Ал, Үкімет ұйымдасқан түрде отбасымен арнайы көшіріп алатын үрдісті тоқтатқаннан кейін шет елден келетін этникалық қазақтардың отбасы мүшелері бірнешеге бөлініп келетін болды. Әр жылы заңға енгізілген өзгерістерге сай жұмыс жасауға тура келді. Заңға жиі енгізілген өзгерістерді оралмандарды айтпағанда, қызмет атқарып отырған мамандардың барлығы толыққанды түсініп, қызметтерін ойдағыдай атқарды деп айтудың өзі өмір талабына сай келмейді. Мамандардың заңды толыққанды білмегендерінен қаншама қандастарымыз заң шеңберінде Ықтиярхат немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын ала алмай. наразылықтар туындады. Олардың өтініш-тілектері Президент әкімшілігіне, министрліктерге жетіп бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да жиі талқыға түсті. 2004 жылдан құрылған Көші-қон полициясы органдарының негізгі міндеттері уақытша және тұрақты тіркеуге алу, құжаттандыру болса, Көші-қон департаментінің міндеті келіп тұрақты тіркеліп, Ықтиярхат алған этникалық қазақтарға Оралман мәртебесін беріп өздері қалаған аудандарына қоныстандыру болды.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңын шетелдерден елімізге келетін ұлты кім болса да әрбір пенденің осында болып өз еліне қайтуы аралығындағы немесе шетелдік жұмыс күші ретінде келетін, тарихи отанына тұрақты тұруға келген әрбір пенденің іс әрекеті, қозғалысына қатысты 36 ұғымға жауап беретін елдің ертеңгі өміріне бүгін айнамен қарап отырғандай жауапкершілікті жүктеген заң екенін біздегі кейбір билік өкілдері өздері түсіне бермейді. Әр министрлік өкілдері осы сала бойынша өздеріне жүктелген жауапкершіліктеріне байланысты туындайтын келеңсіздіктерді бір-біріне итермелеп, жиі-жиі өзгерістер енгізе береді. Немесе Қазақстанда қазақтардың саны күрт өсіп кетуінен сезіктенетін бір әсерлі күш бар ма екен дегенде ой туындайды. Өттегенай дейтінім, 1997 жылғы «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында шет елде тұратын этникалық қазақ өкілдерінің арасынан атамекенімізге жетсек дегендердің баяғыда толығымен көшіріп әкелетін мүмкіндік те, қаражат та қазақ елінде жеткілікті еді. Өкіністісі көрпеміз жетсе де, көңіліміз жетпей қалды.

Осы орайда айтқым келетіні бүгінгі таңда 1991 жылдан бері тарихи отанына бір миллионнан астам этникалық қазақтар көшіп келді деген ақпаратты барлығы жар салып айта береді. Мен айтар едім, сол келген миллион қазақтың өсімі келгеннен бері төрт миллионға жетті. Ал келеміз дегендердің барлығын ұйымдасқан түрде көшіріп алғанда қазақтың саны еселеп күрт өсетін еді. Көшіп келген қазақтың барлығы бірдей Үкіметтің қаржысымен орналасты деп те айта алмаймыз.

Мысалы, Алматы облысына 1991 жылдан 2018 жылды қоса алып есептегенде 61952 отбасында 199871 этникалық қазақтар көшіп келіп қоныстанды. 2011 жылға дейін 15385 отбасында 78603 оралман көшіп келу квотасы бойынша орналасты. 46567 отбасы 121268 оралман квотадан тыс өз күштерімен орналасты. 2010 жылға дейін олардың отбасымен азаматтық алған-алмағанын, тіптен мал, жер үлес пайларын да есепке алып біліп тұратын едік. Мамандықтарының дипломдарына сай екенін біліп, статикалық есепке алынатын еді.

«Халықтың көші-қоны туралы» заңы адамдардың қозғалысына қатысты пайда болатын ағымдар, адамдармен бірге ауа, су, өсімдік, тұтынатын азық-түлік, заттауарлары, денсаулықтарымен ере келетін ел қауіпсіздігі, халықтың ертеңіне кері әсер ететін жағдаяттарды да зерделеп сараптауға міндетті. «...Қазір Қазақстанда 2 миллионнан астам еңбек мигранттары жұмыс істейді. Олардың бір миллионы бұл елде заңды түрде еңбек етіп жатса, тағы бір миллионы мұнда заңсыз жұмыс істейді...» – дейді Мигранттар мәселесі бойынша халықаралық ұйымның үйлестірушісі Деян Кесерович.

2014 жылғы статистикалық ақпарат бойынша шетелдіктердің арасынан 25000 адам туберкулез дерті бойынша есепте тұрған. Ал, есепке алынбай жүрген қандай да бір жұқпалы ауруларымен жүргендері қаншама? Өткен аптада шетелдіктер Алматыда жарылыс жасамақ болып ҰҚК-ң құрығына ілігін анықталды. Осындай заңсыз жүрген пенделерден елімізге, халқымызға қандай әсер, тәлім қалатынын ешкім де алдын ала дөп басып айта алмайды. Өкіністісі осы заң аясында жұмыс жасайтын мемлекеттік мекемелердің басын қосып, келеңсіздіктердің алдын алып, жүйелі жұмыс жасап, есеп алып, жауапкершілік жүктеп отыратын құзырлы бір мемлекеттік мекеме жоқтығы.

– «Оралман» деген статус неліктен пайда болды? Оралман куәлік, Ықтиярхат деген қандай мәртебесі бар құжат? Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін осы екі құжаттың қандай қажеттілік әсері бар? Осы турасында айтып өтсеңіз?

– Оралман деген мәртебе – 1997 жылғы алғаш рет «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген ұғым. Бұл атаудан туындап тұрған ештеме жоқ. Бірақ та осы оралман деген ұғым ел арасында жақсы жағынан қалыптаспады. Керісінше оралмандарға ғана көмек беріледі немесе оралмандар өсекшіл, арызқой, көше береді, тұрақсыз деген сияқты алып қашпа әңгімелерден жағымсыз жағымен де тарап кетті. Бұған келген қандастарымыздың арасынан өз іс әрекет қылықтары мен әсер еткендері де болды. Десе де сабырлық, төзімділік еңбек қорлықтары мен өнерлерімен елге танылған, өздеріне ғана емес жергілікті халыққа қол ұшын созып көмек көрсете алған жомарт, іскер кәсіпкер-бизнесмендерінің басымдылығы көп болғанынан ел арасында «ағайындар» деген жақсы ұғым өздігінен қалыптасқаны өмір шындығы. 2015 жылғы қараша айында Заңға енгізілген өзгерістер бойынша Оралман мәртебесі 2016 жылдан бастап бір жылға беріліп «Оралман куәлік»-тің уақыт мерзімі ұзартылмайтын болды.

Бұл өзгеріс өте көп қиындықтар туындатып жіберді. Бұған дейін 3-7 жыл мерзімге беріліп мерзімі бір жылға ұзартылатын. Оралман куәліктерін бір мәрте 6 айдан бір жылға ұзартуға рұқсат етілгенде еш қиындық туындамас еді. Елбасымыз өзі 1998 жылдары осы оралман деген ұғым маған да ұнамайды өзгертіңдер деп айтқаны орындалмады. Елбасы айтты болды деп сол кезде өзгерте салғанда содан кейінгі кезеңдердегі келеңсіздіктердің болмасы анық еді. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «халқыма керекті қалай табам деп қам жеп жүру тек қана менің емес әр азаматтың ісі мен жадында болуы қажет» деп айтқаны міне осындай істің куәсі іспетті. Осы келеңсіздіктердің басым бағыты өкінішке орай көші-қон үрдісіне қатысты ағымдардан туындап жататынына жергілікті атқарушы органдар аса көп мән бермейді. Көбісі «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы оралмандарға қатысты деп топшылайтыны мүлде қате ұғым. Заңның 4-5 ұғымы ғана оралмандарға қатысты. Қалғаны ел қауіпсіздігіне қатысты.

Ықтиярхат – барлық елдерде берілетін олардың қолындағы шетелдік төлқұжаттарының қолданыстағы мерзіміне сай табыс етілетін құжат. Ықтиярхатпен жүргендер шет елдік азамат болып саналады. Оның ерекшелігі Ықтиярхат пен шетелдік төлқұжаттары бар адамдар ел арасында визасыз, қалаған уақытында неше мәрте болсада шетелге барып келіп жүрулеріне мүмкіндік бар. Бұл құжатты ең көп қолданатындар – Қытайдан келген қандастарымыз. Қытай елінен зейнетақыларын, мүгедектікке қатысты жәрдемақыларын алады, жалға беріп кеткен жерлерінің есебін жасайды, сауда-саттық жасап, өз тіріліктерін өздері жасауға мәжбүр болғандықтан жүріп-тұруларына өте қолайлы құжат. Десе де соңғы кездегі жағдайларға қатысты көп жылдары Ықтиярхатпен жүргендерге «Отаныңда уайым-қайғысыз, көппен бірге көрген ұлы той» жолы дұрыс екенін өмір өзі түсіндіргендей болды. Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстанға 76 (жетпіс алты) елдің азаматы визасыз келіп-кету мүмкіндігіне ие болды. Сондықтан енді алдағы уақытта Ықтиярхат деген құжатты берудің қажеттілігін қайта қарау күн тәртібіне еніп тұрған мәселе. Ал, отаныма тұрақты тұру мақсатында келдім деп өтініш жазған қандастарымызды Ықтиярхат, Оралман куәлік деп әуре-сарсаңға салмай-ақ тура Қазақстан Республикасының азаматтығына құжат тапсыру мүмкіндігін берген өте дұрыс шешім болар еді. Олардың қандай да бір құжаттарындағы жазбаларына сай ұлты қазақ деп жазулы тұрады. Ендеше қайтақайта құжат жинатпай-ақ ұлты «қазақ» болса Ықтиярхат пен Оралман куәліксіз де азаматтыққа қабылдай беру ұлтымыздың саны жедел өсуі үшін де өте қажет. Осы мәселе қазіргі заңға енгізілетін өзгерістер қатарында қаралып жатыр.

Жалғасы 7-бетте.

Дүйсенбі - Понедельник, 25 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Senbilik tan»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00, 03.00 «HIT QAZAQSTAN»
11.00 «Apta»
12.05, 21.50 Т/х «ОРАЛУ»
13.15,18.45 «Koniltolqyny».
13.25, 19.10 Т/х «Іздедімсені»
14.15, 22.50 «Ертұғырыл»
15.15 Т/х «Айман-Шолпан»
17.15, 01.20 ELDENHABAR
17.30 «MENIN QAZAQSTANYM»
18.05 «BALANYN KONILI…»
18.20«ARNAIY JOBA»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.30 Т/х «Қалампыр»
02.05 Телехикая «Достар»
02.30 «Ұлт мақтанышы»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғыхабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30 «Өзүйім»
10.25 «Журналистік зерттеу»
10.45 Премьера!!! «Начало»
12.10 «АлтынАлтын бесік»
12.40 «Қайсаржандар»
13.10 Т/с «Дурная кровь»
15.00 Ток-шоу «Давайте говорить»
15.50, 00.00 «Сапарластар хикаясы»
16.45, 00.45 «Тағдыр тартысы»
17.15 «Бір туынды тарихы» циклінен д/ф
17.45 «Наследники великой степи»
18.15 «Ой жүйрік»
19.00 Т/х «Бәсеке»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Жалғыз Жауқазын»
22.20 «Королева ночи»
01.15 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.20 «KazNet»
07.00«Күлпәштің хикаялары»
08.00 «Біздің уақыт»»
09.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00,19.00 «№ 309»
13.00 «Избранное за неделю»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15 «Щенячий патруль»
15.00 «Райское место»
17.00 «Шарасыз жан»
20.00, 02.00 Жаңалықтар
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 Т/х «АУЫЛДАСТАР-2»
00.40 «Ұрланған тағдыр»
03.00 «Қасиетті мекен»
03.40 «Қалжын-қоржын»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «20 минут»
06.40 «Той заказ»
07.10 «TAMADA BATTLE»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле чудес»»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Т/С «Ланцет»
16.55 «Пусть говорят»
18.00, 03.45 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
18.45, 02.20 «Пендемз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Улицы разбитых фонарей-13»
22.00, 02.20 «П@УТINA»
00.45 Ночной кинотеатр. «Гадалка»
01.40 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»

КТК

07.05 «ДАУ- ДАМАЙСЫЗ»
07.30 Т/х «Қайсаржесір»
08.00 Т/х «Тағдырқосқанасыл жар»
09.30 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ»
10.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.30 «Юрмала»
13.00 «Семья»
15.00 «Кел, келінім»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «ПОСЛЕДНИЙ ДЕНЬ»
23.30 « По праву любви»
01.20 «Министерство правды»
02.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.20,04.30 «Тағдыр қосқан»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық»
09.00 Апта (қаз)
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм (қаз)
11.15 Полиция қызметі
11.50 Ән әлемі
12.00 Зерде
12.50 Д.ф. «Лекарства для выживания».
13.50 Концерт «Әндер мен жылдар»
16.05 Д/ф «Евразия»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Әкім сағаты Тікелей эфир
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Тағдыр мен тұлға
22.35 Д/ф «Животные-лекари»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.00 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 Кино «Громобой» (повтор)
10.00 «Маша и медведь»
10.30, 21.00 «Махаббатым, кешмені»
14.30 М/ф «Добрыня Никитич и Змей Горыныч
16.00 «Воронины»
18.00 Т/с «Сваты»
23.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
23.30 «Пришельцы»
01.20 «WhatsUp?»
02.10 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00, 13.00 Т/х «Контесса»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 «Большой юбилейный бенефис В. Винокура»
10.10 Т/с «Раненое сердце»
11.00 «Смешанные чувства»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өзойым»
16.40 «Скалолаз»
18.50 «KZландия»
19.00,23.00 Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лоторея 777
21.05 «Хозяйка»
00.10 «Любовь с оружием»
01.20 «Юрмала»
05.00 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 26 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30AQPARAT
10.00, 03.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «РОБОТ КӨЛІК ПОЛИ».м/х
11.25, 17.50 «Qyzyqeken…»
12.05, 21.50 Т/х «ОРАЛУ»
13.15,18.35 «Koniltolqyny».
13.25, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.15, 22.50 «Ертұғырыл»
15.15 Т/х «Айман-Шолпан»
17.15, 01.20 ELDENHABAR
17.30 «Janjylyy» Әлеуметтік тележурнал
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.30 Т/х «Қалампыр»
02.05 Т/х «Достар»
02.30 «Ұлт мақтанышы»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30 «Өзүйім»
10.30 Сериал «Королева ночи»
12.10 «Сана»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Дурная кровь»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 23.50 «Сапарластар хикаясы»
16.45 «Тағдыр тартысы»
17.15 «Ұлы дала өркениеті»
18.00 «Народный контроль»
18.15 «Ой жүйрік»
19.00 Т/х «Бәсеке»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Жалғыз Жауқазын»
22.20 91- церемония вручения наград премии «Оскар»

АСТАНА

06.00, 20.00,02.10 «Жаңалықтар»
06.30, 20.30,02.40 «Новости» «2030»
07.00, 00.00 «Ауылдастар-2» т/х
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.30 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.30 «Таңдауым сен»
12.00,19.00 «№ 309»
13.00 «Ел аузында»
13.40 «Ғажайып Қазақстан»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15 «Щенячий патруль»
15.00 «Райское место»
17.00 «Қызмет аясынан тыс жерде»
21.00Д/ф «Нұр Отан -20 лет созидания и развития»
23.00 Т/х «Келінбақыты»
00.40 Т/х «Ұрланған тағдыр»
03.10 «Қасиетті мекен»
03.40 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «20 минут»
06.40 «Той заказ»
07.10, 18.00, 03.45 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Дневник свекрови»»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Т/С «Ланцет»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.50 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Улицы разбитых фонарей-13»
22.00, 02.20 «П@УТINA»
00.45 Ночной кинотеатр. «Гадалка»
01.40 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20 Х/ф «Женский доктор»
10.20, 23.30 Х/ф «По праву любви»
12.20 «Новости»
13.00, 21.40 Т/с «ПОСЛЕДНИЙ ДЕНЬ»
15.00 «Кел, келінім»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкіжаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.20 «Министерство правды»
02.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.20,04.30 «Тағдыр қосқан»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ән әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Д.ф. «Исцеляющая сила природы»
11.35 Пойск. Путешествие человека в космос.
12.00 Шашу
13.50 Программа «Тарих»
13.00 Қазақ әні
13.45 Net.laik
14.00 Туржорық
14.25 Док/цикл « Архитектура древнего Рима»
15.20 «Ғажайып» эстрада театрының концерті
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Бала базар
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Тағдыр мен тұлға
22.35 Д.ф.»Смерть в плавучем доме»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.00 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 Кино «Пришельцы» (повтор)
10.30, 21.00 «Махаббатым, кешмені»
14.30, 16.00 «Воронины»
18.00 Т/с «Сваты»
23.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.30 «WhatsUp?»
02.20 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00, 13.00 Т/х «Контесса»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 00.10 Т/с «Любовь с оружием»
10.10 Т/с «Раненое сердце»
11.10, 01.20 «Юрмала»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40, 21.05 Т/С «Хозяйка»
18.50 «KZландия»
19.00,23.00Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лоторея 777
05.00 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 27 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 Ақпарат
10.00, 03.00«HIT QAZAQSTAN»
10.50 «РОБОТКӨЛІК ПОЛИ». м/х
11.15, 17.50 «Qyzyq eken…»
12.05, 21.50 Т/х «ОРАЛУ»
13.15, 18.35 «Konil tolqyny»
13.25, 19.10 Т/х «Іздедімсені»
14.15, 22.45 «Ертұғырыл»
15.15 Т/х «Айман-Шолпан»
17.15, 01.20 ELDEN HABAR
17.30 «Aqsayyt»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.30 Т/х «Қалампыр»
02.30 «Ұлт мақтанышы». д/ф

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30«Өз үйім»
10.30 Кино «Адель»
12.10 «Важно знать»
12.35 «Қайсаржандар»
13.10 Т/с «Дурная кровь»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 00.00 «Сапарластар хикаясы»
16.35 «Тур де Хабар»
17.00 «Тағдыр тартысы»
17.30 «Өмір жолы»
18.00 «Біздің назарда»
18.15 «Ой жүйрік»
19.00 Т/х «Бәсеке»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Жалғыз Жауқазын»
22.20 Сериал «Королева ночи»
01.10 «Ұлы дала өркениеті»

АСТАНА

06.00, 20.00,02.10 «Жаңалықтар»
06.30, 20.30,02.40 «Новости»
07.00, 00.00Т/х «Ауылдастар-2»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00, 19.00 «№309» Т/х
13.00 «Ел аузында»
13.40 «Ұлы дала ұлағаты»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15 «Щенячий патруль»
15.00 «Райское место»
17.00 «Күндердің бір күні»
23.00 Т/х «Келінбақыты»
00.40 Т/х «Ұрланған тағдыр»
03.10 «Қасиетті мекен»
03.40 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «20 минут»
06.40«Той заказ»
07.10, 18.00, 03.45 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Дневник свекрови»»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Т/С «Ланцет»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.50«Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Улицы разбитых фонарей-16»
22.00, 02.20 «П@УТINA»
00.45 Ночной кинотеатр. «Гадалка»
01.40 «Мужское-Женское»

КТК

07.05Кешкі жаңалықтар кайталау
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20Х/ф «Женский доктор»
10.20, 23.30 Х/ф «По праву любви»
12.20 «Новости»
13.00 «Последний день»
15.00 «Кел, келінім»
18.00 «Махаббат пен жаза »
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Пропавший без вести»
01.20 «Министерство правды»
02.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.20-04.30 «Тағдыр қосқан асыл жар»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ән әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Тұжырым
11.00 д.ф. «Лекарства для выживания».
12.00 Шашу
12.50 Программа «Тарих»
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д.ф «Что? Где? Когда?»
14.20 Концерт «Әнім саған аманат»
16.30 Цикл Тарих.
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.15 Ән әлемі
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Тағдыр мен тұлға
22.30 д.ф «Что? Где? Когда?»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.00 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00, 23.30 Кино
10.30, 21.00 «Махаббатым, кешмені»
14.30 «Воронины»
18.00 Т/с «Сваты»
23.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
01.20 «Whatsup?»
02.10 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00, 13.00 Т/х «Контесса»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 00.10 Т/с «Любовь с оружием»
10.10 Т/с «Раненое сердце»
11.10, 01.20 «Юрмала»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өзойым»
16.40Т/С «Хозяйка»
18.40 «KZландия»
18.50Лотарея 6/49
19.00 ,23.00Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лоторея 777
21.05 Сериал «Роковая песня»
05.00 «Жеңіп көр»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨППЕН БІРГЕ КӨРГЕНІҢ ҰЛЫ ТОЙ!

Жалғасы. Басы 5-бетте

– Қытай қазақтарының қазіргі жағдайы туралы айта кетсек. Ел ішінде алыпқашпа әңгіме көп. Тәрбие лагері бар дейді. Қос азаматтық алған азаматтардың саны Қытайда 100-ден асатын көрінеді. Бұл қалай? Бізде қос азаматтық танылмайды, сонда бұны біздегі төлқұжат беретін орындар байқамаған ба, әлде сатып жіберген бе?

– Мен Моңғолия елінде тұрғанда және осында келіп бизнесте жүрген жылдары қытай ұлты өкілдерімен біраз араластым. Сауда да жасадық. Қытай елі басқаның ақылына зәру емес. Тыңдамайды деп айтсам да болады. Қытайдың ішінде болып жатқан жағдайларға қатысты ресми ақпарат алу деген – қиынның қиыны. Өз ұлты үшін ерекше жұмыс жасайды, алдағы 100 жылғы өмірін ойлап бүгін тірлік ететін, еңбекқорлығы басым, тәртібі қатаң, коммунистік партиясының ұран-қағидасы қатал. 2019 жылдан бастап бес адамға бір полиция қызмет етіп олардың шешімін сотта өзгерте алмайтын тәртіп орнатып жатқан ел. Бірденеден көңілі қалып түңілген жандар «Барып тұрған қытай екенсің» деп жататыны бекер емес. Күнделікті тірлік, күнкөрістің, болмаса ұрпағымды өз Отанына сіңіре алсам деп екі жақта бөлініп жүрген ерлі-зайыптылар, отбасы мүшелері арасынан саяси оқу-үйрету лагеріне отырып келгендер, әлі де сонда отырғандар бар екені өмір шындығы. Ағайындардан түскен өтініштері бойынша Елбасының тапсырмасымен Сыртқы істер министрлігі біраз жұмыстар жасағандарын, бірнеше қайта нота жолдағандарын, Қытай еліне барып келісім сөз жүргізіп келгендерін, азаматтарымыздың алды босатылып жатқандарын бірнеше қайта мәлімдеді. Жұмыс әлі де жүріп жатқанын білеміз. Бірнеше қоғамдық ұйымдар, жеке азаматтар да тиісті орындарға өз ұсыныстарын жеткізді.

Ал, қос азаматтық деген бекер әңгіме. Осы орайда Елбасымыздың мынадай бір тұжырымдамасын кейбір азаматтардың есіне сала айтқым келеді. «...Атажұртқа оралудың да күрмеу мәселесі көп. Оның заңдық-құқықтық, әлеуметтік-қоғамдық түйткілдері бар. Олардың бәрін заман талабына сай толық реттеп отыру үшін уақыт керек. Сондай кезде өкпелеуге бейім тұратын, күтудің соңын күдер үзудің алды деп қабылдайтын азаматтар да табылып қалып жатады. Қытай – ол өзін халық ретінде таныстырғысы келетін өркениет. Расында да солай. Си Цзиньпинмен жиі кездесіп тұрамын, осы тақырыптарда ашық сөйлесеміз. Қытайдың экспансия, басқа аумақтарға шабуыл жасау туралы ойы жоқ. Керісінше оларға даму керек, бейбіт өмір керек...» деп мәлімдеді. Сондықтан Қытайдағы қазақтардың жағдайы Президенттің де назарында деуге болады. Бір нәрсенің жақсы-жаман екі жағы болады. Алла Тағала бізге жақсы жағына бейімделіп өмір сүру жолын көрсеткен. Басқа бір елдің ішкі мәселесін қойып біреудің отбасының күнделікті өміріне араласа берудің өзі келеңсіздік туындатады. Халқымызда «Айқаймен үй салынбайды» деген асыл сөз бар. Бір елден келген бірін-бірі жақсы білетін ағайындар арасынан бұқаралық ақпараттық құралдары арқылы сөз таластырып, бір-бірін қаралау немесе олардың арасына басқа біреулер кіріссіп дауды ушықтыру қазақ азаматтарына тән қасиет емес. Біреуге айыпты тек сот шешімі ғана таға алады. Өз ұлтымен жауласудың арты жақсылыққа апармайтынын тарихтан сүйегімізге сіңгенше түсінген, зардабына өшпестей өкінген бір халық болса, ол – біздің қазақ.

Менің маман ретінде айтқым келетіні Қытай Халық Республикасынан отанына оралғысы келетіндердің мәселесін Үкімет арнайы жоба бағдарлама бойынша жеке қарағаны оңтайлы шешім болар еді. Ал, қазіргі бастарына қиындық туындап зардап шегіп жатқан қандастарымыздың мәселесін атсалысып нақты деректермен айналысып жүрген қоғамдық ұйым өкілдері енгізілген арнайы комиссия құрып, ол жақта мыңдаған емес ондаған ұлт өкіліміз болса да, солардың мүддесін қорғауға тікелей Үкімет тарапынан қолдау көрсетілсе, ел аралық беделіміз арта түсері анық.

Көшіп келген ағайынға ерулік беріп келген көшпенді қазақтың ұрпағы емеспіз бе?! Келіп азаматтық алған әрбір қазаққа Үкіметтен бекітілген бір жанға тиесілі қаражатын беріп, содан кейін ғана солтүстік облыстарға баруына, бизнеспен айналысуына, қайтадан қысқа мерзімді өртүрлі мамандыққа даярлап жұмыспен қамтуға, ауылымен, ағайындарымен бір елді мекенге орналасуларына, өздерін өздері басқару мүмкіндігін беруге, шетелден инвестиция тартамыз деген немесе өз қаражаттарына шағын цех, кәсіптік орын, сауда-саттық ашамыз, мал өсіреміз дегендеріне солтүстік облыстардан жедел жер үлесін шешіп беріп, барынша қолдау көрсетілетін бағдарлама жүйелі түрде іске қосылса соңғы келгендері алдыңғы келгендерімен бірлесіп сол жаққа бара беретіні сөзсіз. Бұл еліміздегі қазақтардың саны солтүстікте күрт өсуіне өте қомақты үлес қосатын еді.

– Қазіргі кезде тарихи отанына келіп ҚР-ның азаматтығын ала алмай жүрген оралмандар көп екен. Бұған не себеп? Осы мәселені облыс деңгейінде шешудің жолы бар ма?

– Мұндай адамдардың арасында Ықтиярхатпен көп жылдар тұрақты тіркеуде тұрғандары бар. Отбасының басқа мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтығын алып қойғандары да бар. Ондай этникалық қазақтар 2015 жылғы қараша айында Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы заңына қосымша ретінде жеңілдетілген тәртіппен оралман куәлiксiз де құжат тапсыра алатын 16-бап және 16-1 баптарына сәйкес азаматтық алу мүмкіндіктері бар. Біз – электронды жүйедегі Үкімет бағдарламасымен қызмет атқарып жатқан елміз. Осыдан он жылдың жүзінде Елбасы халыққа қызмет көрсетудің «бір терезе қағидасын» қалыптастыруды тапсырды. Нәтижесінде Халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылып қарапайым халық үшін өте игілікті іс болды. Соңғы бір жылдан астам уақытта Көші-қон полициясы басқармаларының жанынан Көші-қон қызмет көрсету орталықтары бірнеше облыстарда ашылды.

Бұл орталықтар Елбасымыздың қойып отырған талабына, халықтың мүддесіне толыққанды сай жұмыс бастап жатыр деп айтуға ертерек. Оған негізгі себеп бұл орталықтың басшылары Ішкі істер департаменті мен Көші-қон полициясы басқарма басшыларына тікелей бағыныштыболмауы керек. Егер бағынышты болып, олар басқаратын болса бұрыңғысынан не айырмашылығы бар. Бір терезе қағидасы дегеннің өзі келген клиенттің қажеттілігін қамтамасыз ететін маман мен оның байланысы болмауы және орталықтандырылған камера бақылануына жүзеге асырылуы. Яғни олар сыбайласып заң бұзушылыққа бара алмайды деген ұғымды қалыптастырады. Тек стандартта талап етілген құжаттарды ғана табыстап, құжат тапсырғаны, мерзімі, қабылдап алған адамның лауазымы, аты-жөні жазылған, қашан жауабын алатыны белгіленген хабарламаны алады. Ары қарай бұл құжаттар істі бітірін құжаттандыратын нағыз мамандардың қолына барады. Стандарт, қағидаларда оның барлығының талаптары бекітілген.

Сондықтан бұл орталықтардың басшыларын облыс әкімі бекітсе, облыс әкімдігінің алдында жауапкершілікті сезінетін, есеп беретін болса нағыз игілікті іс болары анық. Мұнда қызмет атқаратындар офицер болуы міндетті емес, Елбасымыз айтқандай заңгерлік жоғарғы білімі бар, қосымша Ішкі істер академиясында 5-6 ай оқып білімін шыңдаған мамандар болса жеткілікті. Міне осы кезде барлық мәселе облыстан аспай өз шешімін таба берері сөзсіз. Келешекте қаласақ та, қаламасақ та ұрлық-қарлық, тонаушылық, қылмыстық іске байланысты арыз-шағымдар осындай орталықтарда қабылданады да, автоматты түрде бақылауға алынады және нәтижесі айқын да ашық болады. Міне, осы кезде ғана ішкі істер органдарының қызметтері халыққа танылып, нағыз шынайы реформа жүзеге асады деп ойлаймын. Жалпы IT технологиясы дамып келе жатқаны соншалық алдағы он жылға жетпей негізгі қызмет көрсету міндеттері аудан, ауылдарға жүктеліп, облыс орталығында ақпарат жинақтаушы сарапшылар жұмыс жасайтын жаңа технологиямен жабдықталған шағын ғана орталықтар қалатыны жаңа қоғам заңдылығы. Және біздің қайда жүргеніміз, не тындырып жатқанымызды, елің үшін ерен еңбегіңнің жемісін қажетті уақытта біліп отыратын дәуірге де жетерміз. Осы кезде Елге, Үкіметке нағыз қажет мамандар өз қалауынша қызмет жасап қызметіне сай жалақы алатын мүмкіндікке сыбайлассыз-ақ қол жеткізетін болады.

– 2014 жылға дейін Моңғолия елінен келген қандастарымыздың сол елдегі еңбек өтілі еңбек кітапшаларындағы жазбаларына сай есептеліп зейнетақылары заң шеңберінде беріліп келді де, 2014 жылдан бері Зейнеткерлікке шыққан қандастарымыздың Моңғолия елінде істеген еңбек өтілдері есептелмейтін болып, оларға 17-18 мың теңге көлемінде әлеуметтік пенсия тағайындалып, содан бері бұл мәселе күн тәртібінен түспей БАҚ-да көп айтылды. Осы туралы қандай ой-пікір айтасыз?

– Бұл мәселе бойынша да қаншама жеке адамдар, қоғамдық ұйымдар, депутаттарымыз, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Президент әкімшілігінің қызметкерлері атсалысып оңтайлы шешім шығаруға ықпал жасады. Нәтижесінде 2018 жылдың 26 желтоқсанында Президентіміз Еңбек министрлігі ұсынған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы заңына өзгеріс енгізіп 13-бапқа 18-тармақша қосып, Қазақстан Республикасына тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында келген этностық қазақтардың шығу еліндегі еңбек қызметі жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтіліне есепке алынсын деп қол қойып берді. Қазіргі кезде заңның жүзеге асуына байланысты Еңбек министрінің бекіткен Ереже қағидасы облыстық зейнетақы тағайындау орталықтарына келіп жатыр. Моңғолия еліндегі еңбек өтілдері жазылған кітапшаларының, сол елде білім алған дипломдарының нотариалды бекітілген аудармаларын апарып өткізсе болғаны. Мәселе шешімін тапты деп толыққанды айтуға болады. Бұл тек Моңғолия елінен келгендер емес шет елден отанына көшіп келіп тұрақты қоныстанған барлық этникалық қазақтарға қатысты.

– Моңғолия қазақтары күнделікті өмірінде қазақтың салт-дәстүрін мықты ұстанған. Сіздің ойыңызша қай кезге дейін жалғаса береді деп ойлайсыз? Біртіндеп жергілікті ұлт жұтып қоймай ма? Сіздің ойыңызша ұлтымыздың ең басты рухани қазынасы неде? Ұлтымыз рухты болу үшін ең алдымен не керек?

– Моңғолия елінде Баян-Өлгей аймағындағы қазақтар ұлттың салт-дәстүрін пір тұтқан, қыраны тұғырында отырған, сәйгүлігі белдеуінде байланған, құрт-майы, қымызы сабасында пісілген, соғымының еті сүрленіп сыбаға болып сақталған, мешіттерінде діні уағыздалған, ана тіліне өзін қойып моңғолдарды үйретіп алған мамыражай тірлік күй кешіп жатқанын өздеріңіз де интернеттен көріп отырсыздар. Ата салтына кішкентай болса да шектеу қоймай отырған Моңғолия Үкіметіне Алланың рахымы жаусын деймін. Мен жалпы қазақ деген ұлтты Алланың назарындағы халық деп сенемін. Жұтылсақ сол моңғолдарға, аузын айдаһардай ашқан Қытайға, ұлы елміз, коммунизм құрамыз деп жар салған, бодандығында ғасырлап ұстап талай қырғынға ұшыратқан Ресейге жұтылып кетпес пе едік. Біз өз ұрпағымызды қойып басқа ұлт өкілдеріне құшақ жайған, қамқорлық танытып алақанымызда аялаған рухани тап-таза қазақ деген ұлт болғанымыз үшін Алланың қолдауындамыз. Ал, айтыңызшы Алладан артық күш бар ма? Біздің жантән тазалығымызды, асқақ рухымызды, көркем мінезге бастап тұратын пәк сезімді ұлтымызды әлем мойындап отырған жоқ па? Сіздің қасиетімізді паш ету үшін де «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген аспаты Алла бізге сый еткен. Осы домбыраның құдіретін бағаламайтын ел бар ма? Мың бұралған биші қыздарымызға Индия елі қалай таңданды. Келіннің шымылдығына, сәбидің бесігіне, қыздарының сәукелесіне үкі тағып тіл көзден сақтаған, беске жетпей ұлдарын сүндетке отырғызып тән тазалығына баулып, ер азаматсың деп атқа мінгізген, жеті атаға дейін өз руынан келін алмаған, ұрпақ өсірер қыздарымыздың санасына жасынан тектілік ғұрпын дарыта білген Алланың жолында өздерін құрбандыққа шалуға барған асыл да айбынды, асқар да рухты, жайсаң да жомарт қазақ деген халықтың мәңгілік деп сенемін.

Әрбір қазақ өзінің қазақ екенін ет жүрегімен сезініп, тілін, дінін, ділін құрметтей білсе, шариғаттың заңдылығын қалт жібермей қалыптастыра алса ешкімге жұтылмайтын батыр халық. Ең басты рухани қазынамыз ұлттық мәдениетіміз, асыл мұрамыз, білім, тарихымызда. Ұлтымыз рухты болу үшін саналы, батыл, намысты, жанымыз таза, сабырлы, ұстанымды, ерікжігеріміз күшті болуы керек деп ойлаймын.

– Сіз бұған дейін де Көші-қон үрдісі бойынша үш кітап жазып шығардыңыз. Атамекеніңізде он жылдай жеке кәсіпкерлікпен шұғылданып, ел араладыңыз. Жиырма жылдай мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек істедіңіз. Не көріп, не түйіндедіңіз? Алда тағы кітап жазу ойыңызда бар ма?

– Әр пенденің Алла берген тегінен дарыған өзіндік бір несібе қасиеті болады. Мен де жоғарғы білім алып Моңғолия Үкіметіне енді танылып, қаланың әкіміне ұсынылып тұрған кезде, бір көруге арман болған Қазақстанның шекарасы қалай ашылды солай елмен бірге атамекеніме ағайынтуысқандарымызбен бірге көшіп келдік. Бізді бір дүлей күш атажұртымызға тартып болмады. Осында келген соң азаматтық алу мәселеміз он жылға созылды. Қазір жақсы ғой, жарты жылда-ақ азаматтық аласыз. Сол кезде бизнеспен айналасып, Қазақстанның төрт бұрышын араладым десем болады. Ақмола облысының ең шеткі аудандарына дейін барып жүн-тері жинап, көктем шыға Сарқаннан Алакөл ауданына дейін тау бөктеріндегі елді мекендерден тонналап картоп алып, Шеңгелдіден тонналап жуа алып Астанаға апарып сатып, Моңғолияға камаз машинасымен зат тасымалдап жүргенімізде жолда әр ауылға Алланың өзі берген бір несібесі болатынына көзім жетті. Сол несібе сол елді мекендерде отырған халыққа бұйырған байлық та бақыт. Міне осылай ауған елдің аласапыран өмірін қағазға түсіріп жүрдім де соңында кітап болып шыға келді. Талай құнды ақпараттар тиісті жоғарғы органдарға жетіп қолдауға ие болды. Хат арқылы жауаптары да келіп жатты. Құдай қаласа алда көші-қон саласы негізінде нарықтық қоғамдағы халықтың әлеуметтік тірлігімен ұштасқан Елбасымыздың бағдарламалары ел арасында қалай өрбіді немесе кейбірі не үшін жүзеге аспай кедергілерге тап болғаны турасында түйген ойларымнан бір жақсы кітап оқырман қауымға жетер деген үмітім бар.

– Оқырман қауымға ақпараттық, заңнамалық кеңес болған сұхбатыңызға алғыс айтамыз! Расында Отанына оралған ағайындарымыздың уайымқайғысы болмасын, отбасыларыңда көппен бірге көрген тойлары көп болсын деп тілейік!

Айтақын БҰЛҒАҚОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Қашқын

Басы өткен санда.

Сағидолла көп бөгелген жоқ. Ыстық ұрттап, шөл басқан соң торы биені бір бұлақтың бойына жайлап жығып, лезде етін мүшелеп, жілік-жілігімен тұздап іліп ала қойды. Осыдан соң ол орман тасасына амалдап қойылған арсады ет сары мейіздей боп кепкенше еш қозғалған жоқ. Мол етпен өз-өзін күтіп, айға жуық уақыт өткізді. Жағдайы да жаман емес. Қайдан жаман болсын, жегені қазы-қарта, жал-жая. Тіпті, кешегі жүдеп-жадап келген жүзіне қан жүгіріп, қыстау сонысына жіберілген құр аттай томырылып, тойына бастаған. Бірде ол Ешкілік тауының құзар басына шығып ұзақ отырды. Ендігі ойы – көп айналмай елге жету. Жеткен соң осы көрген азап пен тозақтың бәрін ұмытып, жаңа бір тірлік бастау. Енді мұнда қалудың еш қисыны жоқ. Ойда-жоқта тағы қолға түссе, түрмесі құрғыр тіпті де қатал жазамен қарсы алары анық. Сондықтан, оның бар үміті атамекенде. Баяғыдай байлап-матап шекарадан қайта өткізіп тастамаса, әрине.

«Көрмеген жердің ойлы-шұңқыры көп», осы бір ұшы-қиырсыз Тарым ойпатынан қиырдағы елге жету оңай дейсің бе? Оған бастар бағыт, жүрер жол қалай? Алда нағыз асқар тау, ағынды өзен, құмды шөл жатқан жоқ па? Бұл жолғы бөленбай мың шақырымдық алыс сапар Сағидолла үшін тіпті де ауыр һәм мехнатты болмақ. Сағидолланы атажұртқа бастайтын жол сілемі екеу. Екеуінің де азабы аз емес. Таңдау өзінде. Біріншісі – төтелеп кету. Егер төтелеп жүріп, тура тартса, небір қағыр шөл басып, тоғыз қатар таудан асуға тура келеді екен. Соның бірі – әйгілі шығыс Жоғар Алатауының сілемі Тянь-Шанның мұзды асуы. Жыл он екі ай қар жамылып, мұз құрсанып жататын бұл шыңнан Сағидолланың аман өтуі екіталай. Оның үстіне оған дейінгі барар жолды айтсаңшы, ойлаудың өзі қорқынышты. Кезіндегі қуғын-сүргінге ұшыраған қаншама қазақтың жанын жалмаған да сол мұзтау болатын. Бұл туралы ел есінде қалған талай ақиқат бен аңыз бар. Памир, Гималай асып, Анадолыға дейін жеткен қазақтардың азапты тағдырының бір парағы, жүріп өткен жолы дәл сол мұзтауда жатыр.

Оқиға XX ғасырдың орта шенінде болған. Батыста орыстың, шығыста Гоминдаң өкіметінің қысымына ұшыраған қазақ торғайдай тозған. Күйі барлары еріксіз елден кетуге мәжбүр болып, ауа көшкен біраз халық боса-боса күндердің бірінде сол мұзтауға жеткен. Түркияны бетке алған көшке енді мұзды асудан асуға тура келген. Заңғарын көк жалтыр мұз бен қою қара түтін торлаған таудан көш көліктері құлап, қыруар адам шығынға ұшыраған. «Жұт жеті ағайынды» деген ғой, тіпті, биіктеген сайын ыс тиген халық бауша түсіп, бақилық бола бастаған. Ойламаған жерден тағы бір қатерге тап болған елдің әбден есі шығып, амалы таусылған. Осы кезде елге көшбасшы болып жүрген бір қария таудың ыс торлаған аумағындағы тіршілік ететін дала тышқандарының үнемі ауыздарына жылқы тезегін көлденең тістеп жүретінін байқайған. Тезекте ыстан қорғарлық бір қасиеттің барын сезген сұңғыла қарт қалған адамдарға тезекпен мұрынды тұмшалап өтіп көруге кеңес берген. Сонымен мұз үстіне киіз үйдің үзік, туырлықтарын жайып, ысқа жылқының тезегін тосқауыл еткен кейінгілер, әйтеуір, асудан аман асыпты.

Сағидолла төтелеп жүрсе Такламакан шөлін ендей өтіп, дәл сол адамдар тап болған мұзды да ысты асудан асуға тура келеді. Ал екінші жолмен жүрейін десе – тым айналма. Онда оған мүлде кері жүріп, Күшәр, Бүгүр, Қарашәрі, Корла, Тоқсын мен Тұрпан аймақтарын басып, Үрімжі арқылы Еренқабырға тауын айналып батысқа тартуы керек. Бұл жол негізі жалпы жүретін жолдың үш есесіндей алыс. Сонымен «ары тарсаң арба сынады, бері тартсаң өгіз өледі» демекші, Сағидолла сан түрлі ой мен сарсаңға түседі. Ақыры жүз ойланып, мың толғанған ол төтелеп кетсем мұз бен шөлдің бірінен ажал құшармын, алыс та болса, ел жағалап айналмалы жолмен кетейін деп түйген.

Күн еңкейіп қалған екен. Ешкілік тауының басында арыны да, беріні де шолып ұзақ отырып қалған Сағидолла енді тұрағына қайтып, жол қамына кірісіп кетті. Түні бойы орағытқан ойлар легімен арпалыса-арпалыса көз ілген ол, келесі күні құзғын сәріден жолға шығады. «Асқар таудың басына қалықтап ұшып қыран да, жыбырлап жүріп жылан да шығады деген бар, жаяу да болсам тірі жанмын ғой, Аллам сәтін салса күндердің бірінде жетермін елге» деген бір сеніммен көз ұшында бұлдырап көрінген сары құмды сағым далаға қарай бет алған. Күйбең тірліктің тылсым сырын тұла бойына бүккен меңіреу дала біреудің арып-шаршап, жазықсыз жәбір көріп, тентіреп жүргенімен жұмысы не? Әйтеуір, алысқа аттанып бара жатқан ұлымен қимай-қимай қоштасып тұрған ақ самайлы анадай еңсесі биік Ешкілік тауы алыстап артта қала берді.

Сағидолланың жапан түзде құмандай жалғыз қара болып келе жатқанына да біраз уақыт өтті. Жүріске де еті үйреніп, жаяуға да жатыла бастаған. Тек шыжыған ыстықтан маужырап мең-зең күйге түскенде ғана ыңғайлы орын тауып, көз шырымын алатын. Қаншама жол, қаншама қиындық бар әлі? Бірақ табаны тілініп, тас басып, алқынып асқар тау асса да, тағдырға шыдап, бір сәт қыңқ етіп көрген емес. Ол өзінің ақыл-айласына сенбесе, мұндай тәуекелге бел бумас та еді.

Жаяу сапар жалғаса берді. Бірде ол Күшар, Бүгүр аймақтарынан өтіп, Байынғұлын моңғұл облысына қарасты Қарашәрі қаласына жетті. Кешкі бір алагеуім сәт. Сағидолла бірден қалаға кіріп кетсем ыңайлы орын табылмай қала ма деген оймен қала шетіндегі қалың мұсылман зиратының арасына бұрылып, қисая кетті. Күндіз күн қатты ыстық болған. Жол соғып әбден шаршаса керек, түні бойы тұяқ серіппей ұйықтаған екен. Таң ата тағы жинала бастаған ол өзінің зират арасында жалғыз түнемегенін байқады. Тақыр төбе бауырайын алып жатқан қалың тас мола арасын онымен бірге жеті-сегіз адам паналап шығыпты. Олардың бірнешеуі орнынан тұрып, ұсақ-түйек заттарын реттеген болып жүрсе, қалғаны әлі де ұйқыда. Түрлеріне қарасаң біреуге сес көрсетіп, атып-шауып кететіндей емес. Жүріс-тұрысы, киім киістері де тым жұпыны. Бәрінің де үйсіз-күйсіз жүрген жоқ-жітік жандар екенін бірден байқауға болады. Шамасы, олар көптен бері осы зират арасын мекендеп жүрген жергілікті мұсылман балалары болса керек. Өйткені, ондағы қытай, моңғол ұлттарының бейіт арасына түнеуі былай тұрсын, маңынан жүруге батылы жетпейтін. Зиратқа түнегендер Сағидолланың өз қатарларына келіп қосылғанына титтей де таңырқаған жоқ. Қайта, күнделікті бірге жүрген адамдарындай жақын тартып, қолда барымен бөлісуге әзір екендіктерін білдірді. Аздан соң ұйқыдағылар да бір-бірден тұрып, әркім өзінде барын ортаға қойып, таңғы ас ішуге отырды. Сағидолла да еш тартынған жоқ. Алыстан арқалап келген дорбадағы сүрленіп піскен жылқы етінен бір-бір жапырақтан үлестірді. Алғашқы танысу осылай басталды. Олар Сағидолланы бастап күні бойы қала көшелерін кезеді. Бәрі де қу құлқынның қамы. Біреулері елге киер киім, ішер ас үшін жалданса, енді біреулері әрі-бері өткендердің ұстатқан садақасын алып, қонаға зират арасына оралатын. Олардың дені ұйғыр болғандықтан, Сағидолла өзі жақсы білетін ұйғыр тілінде еркін сөйлесіп, бірден тіл табысып кеткен. Бұл адамдарды жергілікті жұрт «тіленшілер» деп атайды екен. Сағидолланың тіленшілер арасында біраз уақыт қала тұрғысы келді, себебі, мұндай адамдарды ешкім тексеріп-тектеп жатпайтындықтан Сағидолла үшін аса қолайлы еді. Осыны ойлаған ол осы жерден біраз ақша тауып, ат-азығын қамдап, Қарашәріден бірақ аттануға бел буған.

Қаладан тіленшілерге ұзақты күн кешке дейін істейтін іс те, ішетін ас та табылып тұрды. Тіпті, күндер өте келе ауласында ұсақ-түйек жұмыс жасатып, отын-суын енгізткісі келгендердің таңдауы ең алдымен Сағидоллаға түсетін болды. Себебі, онда басы артық сөз жоқ. Тек ас-тағамын уағында беріп, ақысын төлесе болғаны. Әр шаруаны апырып-жапырып істеп, лезде тып-типыл етіп тындырып тастайтын.

Сағидолланың тіленшілер қатарында жүргеніне де аттай желіп айға жуық уақыт өте шығыпты. Енді оның қалтасында азын-аулақ қаражаты, қоржын толы жол азығы бар. Тек қуса жететін, қашса құтылатын әбзелді ат керек. Аңсаған арманы да сол. Жастайынан ат десе ішкен асын жерге қоятын дағдылы атбегінің қырағы көзінен текті жылқы тұқымы қалыс қалып көрген емес. Қисыны келіп, көңіліндегідей ат табыла қалса ештеңеге қарамастан қазір-ақ аттанып кетуге дайын. Соңғы кездері жатса-тұрса ойлайтыны сол болған.

Сағидолла жалпы Қытай жеріндегі даңқы жайылған әйгілі сайгүліктердің дені осы Қарашәрі өңірінен шығатынын жақсы білетін. Ол жайындағы аңыз әңгімелерге де әбден қанық. Қарашәрі жылқылары шеттерінен жүйрік, дене бітімі де көрікті келеді. Кезінде осы аймақтағы Тарым өзені құятын Лобнор көлінде болмысы бөлек бір текті су жылқылары тіршілік етіпті. Оны көзбен көріп, қолда баққандардың айтуынша, су жануары біркелкі ақ түсті. Құйрық жалы төгілген, әдемі қамыс құлақ. Тек суда тіршілік еткені болмаса, кәдімгі жылқылардан көп айырмашылығы да жоқ. Бір ерекшелігі – қар барысы секілді тұтас денесінің әр жеріне қызыл мөр басылғандай дөңгелек-дөңгелек теңбіл түскен. Айшықты теңбіл жануарды тотыдай түрлендіріп тұрады. Жылқылар көбінде теңіз түбінде жүреді екен. Тереңде олардың қалай тыныс алып, қалай тіршілік ететіні, немен қоректенетіні мүлде беймәлім, мүлде жұмбақ. Әйтеуір, Лобнор маңын мекен еткен халықтың бар білері – жануарлар үйір-үйірімен ара-тұра жағаға шығады. Олар шөп сонысын қуып, бір-екі сағат бас алмай жайылған соң, аталығы уақыт болды дегендей белгі беріп, үйірінің шып-шырғасын шығармай, бәрін жинап көлге қарай бағыттайды. Сонда қайтқан қаздай тізілген жануарлар тай-тұяғына дейін қалмай көлге шоп-шоп түсіп, балықша малтап кете баратын. Су жылқылары өрісте жергілікті жылқылармен үнемі үйірі айқас жайылатын. Дәл сондай сәттерде оның аталығы кейде жергілікті жылқының айғырын қуып шығып, біткен бие шоғырын жалғыз өзі иемденіп алады екен. Келе-келе жергілікті елдің жылқысының су жылқысымен қаны алмасып олардың нағыз тұлпар текті ұрпағы өрбіген.

Сағидолламен бірге Сексентам жаза лагерінде жазасын өтеуге барған Құрманбай есімді бір қария бар еді. Қазыналы қарт сол су жылқысын көзбен көріп, қолда өсіргендердің бірі. Түрмедегі кезінде ол жылқы жайында сөз бастала қалса болғаны, су жылқысы туралы әңгіме шертетін. Тамылжыта айтылған әңгімеден сол ортада шыбын ұшпас тыныштық орнап, жан біткен сүйсіне тыңдайтын. Әсіресе, оның көп ел естіп көрмеген су жылқысы туралы хикаяты талайды таңдандырған. Құрманбай Лобнор аумағын ұзақ жыл мекен етіп, табан аумай мал баққан. Су жылқысының қыры мен сырына әбден қанық. Оның ес білгеннен бергі бар ғұмыры сол өлкеде өткен. Кейін «ұлтшыл» деген желеумен түрмеге түсіп, Такламакан шөліндегі азап пен тозақтың кермек дәмін бір кісідей тартқандардың бірі. Ол өз алдына отау құрып, шаңырақ көтергелі мал қамымен жаз жайлауға, қыс қыстауға көшетін. Әр жылғы мамыр мен маусым аралығында ел қатарлы Лобнор аумағына қоныс аударатын. Төрт түлік біткеннің жалғыз суаты сол көл болатын. Онда аққу-қаздары қалқып, шағаласы шарық ұрған айдын көл аумағы көркем де көз жеткісіз еді. Ара-тұра үріккен жылқыдай дүркіреген бұйра жалды толқындар бірін-бірі қуып, бір сәт тыншымайтын. Жер жарықтық жаралып, Алланың құдіретімен сол көл пайда болғалы оның қаншама ғасыр дәл солай арпалысып, асып-тасып жатқанын кім білсін?!

Бір жылғы мамыр айының басы болатын. Құрманбай көп жылдардан бері өздерінің жазғы жайлауы Лобнор көлінің аумағына көшіп барған. Ол әр күні таң бозынан атқа қонып, қоралы қойын өрістеткен бойы суатқа бет алатын. Бір күні Құрманбай малын қаптатып көл бойына барған. Астына мінгені қара қоңыр бие. Қоңыр бие жануар сол жылы қысыр қалғандықтан нағыз мініске берік күйінде еді. Қар көбесі сөгілгеннен бері үстінен ер де түспеген. Көл бойына барысымен Құрманбай қоңыр биенің ерін алып, бекітіп отқа қояды да, жаяу мал қайырмақтап кетеді. Күндегі дағдысы солай.

Жағалау әдеттегідей төрт түлікке толы екен. Қара-қорым ауыл малдарының арасында топ-топ су сиырлары мен үйір-үйір су жылқылары бейғам жайылып жүр. Құрманбай қаннен-қаперсіз әудем жердегі бытырай жайылған қойын жинап, көлге қарай беттетіп келе жатқан. Бірде оның ат қалдырған аумақта жүрген су жылқысының айғыры басын төмен салып, екі жаққа сілкіп-сілкіп тастап, бекітулі тұрған қоңыр биеге жетіп барады. Айғыр қоңыр биені ары айналып, бері айналып, иіскелеп сәл тұрады да, бірнеше мәрте жұптасып үлгереді. Бұған қатты таңданған Құрманбай болған жайды кешке үйіндегілерге жеткізеді. Бұл көрініс оның малын суға түсірген кездерінде бірнеше рет қайталаныпты. Осыдан соң-ақ ол биенің ай-күні толып құлындар сәтін тағатсыздана күткен. Тіпті, қоңыр биенің басынан құс ұшырмай мәпелеп, одан туар құлынды көруге асыққан.

Келесі жылғы ақпан айының аяғы. Далада қар борап, жел ұйытқып тұрған. Сол күні түнде қоңыр бие түсі су жылқысынан сәл өзгешелеу қоңыр теңбіл түскен еркек ақбоз құлын тауыпты. Дегенмен су жылқысынан аумай-ақ қалған жануар. Құрманбайдың қуанышында шек жоқ. Бір текті малдың ұрпағына ие болғанына өзінен басқа бақытты жан жоқтай сезініп, шаттығын бөлісер жан таппаған. Тек іштей «Е, құдіреті күшті жаратушы жалғыз ием, осы берген әр түйір дәніңе, азды-көпті ризық несібеңе, шаңырағымызға біткен жалғыз жылқы баласынан туған мына бір өзгеше төлге тәубе! Бәріне де шүкір!» деген тілектерін іштей қайталаумен ғана болған.

Қазақ ежелден ырымшыл халық қой. Құрманбай құлынға тіл-көз тиіп жүрмесін деген оймен болған жайды көп уақыт тіс жарып ешкімге айтпаған. Тіпті, іргелес отырған көрші-қолаңдарынан да жасырып, сыр білдірмеуге тырысқан. Құлын күн санап өсіп, біраз уақыт өткенде өзгеше қылықтар шығара бастаған. Бірде ол танауын едірейтіп, әдемі қамыс құлағын, жеңді білектей шолтиған құйрығын тіктеп, өрлі-қырлы зыр жүгіреді де, енді бірде жайбарақат жайылып тұрған енесінің үстінен ары асып қарғып, бері асып қарғып ойнақ салады.

Көп өтпей жұрт біткен тегіс көлге қарай көш түзейді. Байырғы көл, байырғы аумақ. Ел келгелі қыс бойы сұлық жатқан ойлы-қырлы өлкенің тұла бойына қан жүргендей болады. Төскей-төскейлерге шоғыр-шоғыр ақ шаңқан үйлер тігіліп, алқабы мыңғырған малға толады. Құрманбай да ел қатарлы өз жайлауы, өз жұртына келіп жайғасқан. Әр күні ол көлге барған сайын байырғы әдетінше қоңғыр биесін жағалауға бекіте салып, жаяулап мал соңында жүретін. Тіпті, соңғы кездері ол қоңыр биені су жылқыларының жайылымға шығар аумағына әдейі бекітіп кететінді тапты. Ондағы ойы жалғыз бие биыл тағы қысыр қалып жүре ме, айғырдан шықса тағы да су айғырынан шықсын деген дәме еді. Бірақ пендеміз ғой. Бәрі біз ойлағандай бола беру қайда? Бастан бақ, астыдан тақ кетейін десе оп-оңай. Екі дүниенің жаратушысы жалғыз Тәңірге еш қиын емес.

Түс мезгілі. Бір күні Құрманбай малын

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

өрістетіп, көл бойына келгенде су жылқылары әлдеқашан судан шығып, жағалаудағы жасыл құраққа бас қойған екен. Асығыс қимылдаған ол қоңыр биені су жылқысына таяу жерге бекіте салып, өзі малына кетеді. Екі көзі жылқы жақта. Енесін айналсоқтаған ақ құлын асыр салып, көл бойында өрлі-құрлы жүгіріп ызғыртып жүрген. Бірде су жылқысының айғыры қоңыр бие жаққа құлағын тігіп сәл тұрды да, шаң боратып жетіп барады. Жануар бара салысымен биені де, құлынды да иіскелеп сәл кідірді де, шорт бұрылып үйіріне қарай қайта жөнелді. Айғыр барған бетте үйірін шырқ иіріп көлге бағыттады да, өзі құйындата келіп, қоңыр биенің жанында жүрген құлынды желкеден тістеген беті үйірінің соңынан теңіз тереңіне бойлап кете барады. Құрманбайдың айғай салуға да шамасы жоқ. Тұрған орнында жер тепкілеген күйі қала берген. Ал қоңыр бие жануар шыр-шыр кісінеп, құлынының соңынан барып жағаны жағалайды да жүреді. Көз алдыдағы көрініс осылай тынған. Сөйтіп барға қанағат етпей, аспандағы айға қол созған Құрманбай лезде жер сыйпап қалады. Іші удай ашып, не істерін білмей ділгіреді. Осыдан ымырт үйірілгенше ол су жылқысымен бірге құлын қайта шығып қала ма деген үмітпен көп күтті. Бірақ жылқы да, құлын да су бетіне шықпаған.

Құрманбай: «Сол оқиға күні бүгінге дейін көз алдымда қалып, айықпас арман болды. Бірақ мен білетін көптеген адамдар су жылқысынан талай құлын алып, көз алдымда өсірді. «Өкінішке орай, кейін Қытай өкіметі сол өңірдің адамдарын 100 шақырым қашықтықтағы Қарашәрі аймағына көшірген. Көлді арнайы ядролық сынақ алаңына айналдырып, 1964 жылы алғашқы атом сынағын өткізген. Бірінші реткі сынақта көлдің беті тоғыз тәулік бойы шұрқылдап қайнап жатыпты. Осыдан кейін-ақ сол көл тартылып, судағы тіршілік иесінің тұқымы тұздай құртылды» – деп налитын.

Кейін ел қолында қалған су жылқысынан тараған үйір-үйір жылқы Қарашәріге әкелінген. Олар ондағы араб жылқыларымен қосылып жүлделі жүйрік, су төгілмес жорға болып, атағы алыс-жақынға тарған. Міне, осыдан бастап Қытайдағы өзге аймақтың адамдары Қарашәріден жылқы сатып алып, айғыр салуды үрдіске айналдырған.

Сағидолла Құрманбайдың жылқы жайында айтқан әр әңгімесін зер сала тыңдайтын. Құлақ естігенді көз көреді деп, кім ойлаған, сол су жылқысы жайындағы әңгімеге арқау болған Қарашәрі жеріне дәм айдап, Сағидолланың өзі де келді. Енді Алла істің сәтін берсе, бұл аймақтан сол жүйріктердің бірін тауып мініп, Атырау мен Алтайдың арасын жалғап жатқан қазақ даласын бетке алу ойда.

V

Сағидолланың көлденең өткен көк аттыға көз сүзе қарап, өзіне ыңғайлы көлік іздеп жүргеніне бірнеше күн болды. Бірақ еш жерден көңілдегідей жылқы баласы кездесе қойған жоқ. Тіпті, соңғы күндері қала маңынан көрген бірнеше ат та кісі қызығарлық емес, бәрі де жабы малы. Нағыз ер қашты болған қойға жетпес қой торылардың өзі. Ондай малды алыс сапарға міндің не, мінбедің не? Одан жаяу тартып кеткеннің өзі артық. Бұл күндері Сағидолланың өз еркі өзінде. Қайда барам, қайда тұрам десе де оған сұрау салып, тектеп жатқан жан жоқ. Ал, тіленшілерге сен барсың ба, жоқсың ба, бәрібір. Зират арасына оралсаң неге оралдың, келмесең неге келмедің демейді. Сенің бар-жоғың, қанша табыс тауып келгеніңде олардың еш шаруасы болмайды. Әйтеуір, өздерінің қарны тоқ, күнделікті аз да болса тиынтебен, нәпақасы табылып тұрса болғаны, басқаны керек етпейтін сияқты.

Әдеттегідей зират арасына түнеп шыққан Сағидолла бірде абың-күбің жиналып, қала жаққа бет алды. Қимылы ширақ, жүрісі де тым жылдам. Әлденені жоғалтқан жандай жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, аяғы аяғына тимей жүгіре басып барады. Себебі, оның әлгінде ғана осы маңан ат жетелеген біреудің қылпын көзі шалып қалған. Ат жетелеген жаяу көп ұзай қоймаса керек еді, зиратқа жақын андыз-андыз салынған үйлердің ара-арасымен жайбарақат өтіп бара жатқанын өз көзімен көрген. Қас-қағымда қалай бұрылып кете қалды екен? Сағидолла адымдай басып, тағы бірнеше үйден өткенде жолдың қарсы бетінен оның қарасы көрінді. Есік пен төрдей қарашұбар аттың шылбырын жинап ұстаған жастау ұйғыр жігіті қала шетіндегі жаңадан салынып жатқан үйлерге қарай бет алып барады екен. Сағидолла көңілдегідей көлікті кездестірдім-ау ақыр деген оймен оның қыр соңынан қалған жоқ. Тек әудем жерден қарасын көріп, ерді де отырды. Қарашұбар ат мақтаса мақтағандай, құйрық-жалы сүзілген, дене бітімі де кесек. Нағыз жүлде алар жүйріктердің бірі екенін өзі-ақ әйгілеп тұрғандай. Сағидолла жануарды көрген жерден ұнатқан. Сонымен ол ұзақты күн кешке дейін сол аумақты торыды да жүрді. Ат иесі болса құрылыс алаңына бара салысымен қарашұбарды қамыттап арбаға жегіп, тас, топырақ тасумен болды. Тек түс мезгілінде ғана бір-екі сағат жем-шөбін беріп, тынықтырған соң жұмысына қайта кіріскен.

Күн еңкейе жігіт қарашұбарды жайдақ мініп кері қайтты. Байыған күннің соңғы алауы жеркөкті шарпып, төңірек қызыл нұрға малынған. Сағидолла теке мүйізі көрінетін жерден қара шұбар аттыдан көз алмай аңдып келеді. Қанша дегенмен аттының аты атты ғой. Аттыға жаяу ере алсынба? Атқа қонысымен жел аяндата жөнелген әлгі адам қалаға кірісімен көзден ғайып болды. Сағидолла ары қарады, бері қарады, көзге ілінер қылаң жоқ. Ымырт үйіріліп, көз байланды. Осылайша күн бойы аңдығанынан әп-сәтте айырылып, «әттеген-ай» деп қалған ол ұнжырғасы түсіп жатар орнын тапты. Десе де, оның көңілі тоқ, жүрегі орнықты. «Көрген жерде көде бар», ертең үй салған аумақты тағы да торымақ. Ерте ме, кеш пе оның сол маңға бір соғары анық. Сағидолланың шұбар аттыдан көз жазып қалуы бір емес, қатарынан үш күн де үш мәрте қайталанды. «Айналдырған жау алмай қоймайды» деген, төртінші күн таңсәріден қас қарайғанға дейін көз алмай аңдыған ол, ақыры оның аттаған босағасын, байланған оқырын өз көзімен көріп қайтты.

Сол түні Сағидолла ел шырт ұйқыға кеткен кезде қарашұбар атты алып, аман-сау алыс сапарына аттанып кеткен. Алғашында ауыздықпен алысып, ойнақтай жөнелген жануардың тізгінін еш тежеген жоқ. Қайта, қаладан шыға бере басын еркіне жіберіп, ағызған бойда алыстай берген. Алайда, ақ алақан адамдай біраз уақыт ат мінуден қожырап қалған оған бұл жүріс оңайға соқпады. Ертоқымсыз ат, астына салғаны атпен бірге алып шыққан жалғыз ішпек. Аттың қыр арқасы батып, әбден жүйкеленген оның бірде жаяу, бірде атты аяңдай беруден басқа амалы қалмаған. Сол сарынмен келесі күні түске қарай бір кілкіп ағып жатқан қара сулы шағын өзен бойына келіп түсті. Жағалау бітік өскен қалың қамыс екен. Маңайы тып-тыныш. Жыбыр еткен жан да, бейсауат жүрген мал да көрінбейді. Әредік баяу ескен жел лебімен қамыс басы ырғалып, арасында әлдене жүргендей сылдыр-сылдыр етеді. Сағидолла ұзақ отырған жоқ. Тек азырақ ауқат алып, шамалы ат шалдырған соң-ақ аттанып кетті.

Алда әлі талай тар жол, тайғақ кешулер бар. Кім білсін, тағы қандай сын-сынақтардың тұрғанын. Орағытқан ойды да, көлбең еткен көп елесті де жақсылыққа балап, өз-өзін жұбата беруден басқа шара не? Сағидолла таң атқалы көлігін шерден шыға көсілтіп жүре алмап еді. Ат үсті енді жайлырақ сезіліп, жүрісі де манди түскендей болды. Әлгінде қара сулы өзен жағасынан аттанар алдында екі шеңгел қамыс қиып әкеліп, оны аттың қыр арқасын қымтай таңып тастаған. Үстіне қоржын-қолаңын салып, ішпегін тартып, амалдап мінген. Ат жануардың жүрісінде мін жоқ. Әңгіме тек ердің жоқтығында. Егер ер-тұрманы толық болғанда қарашұбармен салып-ұрып ендігі талай шақырым жолды еңсеріп тастаған да болар еді.

Осы жүріспен Сағидолла үш тәулік дегенде әйгілі Қарашәрі өзеніне жетті. Ағысы қатты асау өзен өткел беретін емес. Оның үстіне сол күні тауға жауған қалың жаңбырдан өзен суы бұрынғысынан молайып, арнасынан асып-тасып жатыпты. Қара құйындай ұйытқыған қарасұр өзеннен өтуді қойғанда, қараудың өзі қорқынышты. Жарықтық долдана түсіп, жағаға таяу жердегі шөккен түйедей тастарды еш іркіліссіз ағызып әкетіп жатыр. Бір өткел болу керек еді, таяу маңда өте қоярлық ыңғайлы жер көрінбейді. Бірақ қалайда өту керек, себебі Сағидолланың барар бағыты солай.

Ол өзенді жағалап келе жатып жол бойы жолыққан біреуден төменде жалғыз көпірдің барын ұқты. Енді осы өзеннен бір өтіп кетсе біраз кедергіден құтылған болар еді. Одан ары тағысын тағы көре жатар. Алыпқашпа ой жетегіне түсіп кеткен Сағидолла өзінің көпірге қалай жетіп келгенін де сезбей қалды. Ұзыннан-ұзақ салынған көпірдің кеңдігі – ат шаптырым. Қырсыққанда көпірден күні-түні адам аяғы үзілмейтіндіктен арнайы күзет қойылыпты. Күзетшілер атты-жаяулы өткен-кеткеннің бәрін тосып, бірден тексеріп өткізіп жатса керек. Алғашында бірден өте шығам ғой деп ойлаған Сағидолла күзеті құрғырға тым жақын келіп қалыпты. Енді кері бұрылып кетудің еш қисыны жоқ. Не де болса атын тебіне түсіп, көпір үстінде көз алмай қарап тұрған күзетшілерге тура тартты. Күзетшілерге жақындаған сайын ол аттың екі жағына кезек теңселіп, мас адамша бірде ұйғыр, бір де моңғол тілінде айғайлап ән айта берді. Бұл оның ұстаса ұстап қалды, ұстамаса өтіп кетермін деген матқапыда ойлап тапқан жалғыз амалы болатын. Бірақ қаққан қазықтай қақиып тұрған қос сарбаз оны құр жібере қойсын ба, ат басын іркіпестен ағып өте шығуға бейім келе жатқан адамды тізгін-шылбырдан алып, зорға тоқтатты.

Бір күзетші одан қытайшалап: «Жігітім, қайдан келесің, қайда барасың?» деп сұрап еді, Сағидолла оның сұрауын толық түсініп тұрса да, сыр білдірген жоқ. Тек сөзін ұқтырмай көпірдің келесі басындағы іргесі тиіп тұрған ауылды нұсқап міңгірлей берді.

Екі күзетші бір-біріне қарады. Олар өзара ұйғыр тілінде сөйлесе келіп, біреуі: «Маңайдағы малшылардың бірі шығар, өзі ішіп алыпты» – деді де, бара берсін дегендей ишарат етті. Ат шылбырын ұстаушы оны жібергелі жатқан, тышқаққа қас қылғандай қарама-қарсыдан сау еткен бір топ атты адамның жетіп-ақ келгені. Екінші сарбаз жібергелі тұрған шылбырды қайта қармап ұстап, келгендерге моңғол тілінде: «Мына адамды танисыздар ма? Сіздердің ауылдан емес пе?» – деп сұрады. Бастарына айыр қалпақ, аяқтарына қайқыбас ұзын етік киген әлгі адамдар өңшең ауыздықпен алысқан құр аттарын ойнақтатып келіп Сағидолланың жүзіне олай өтіп бір үңілді, былай өтіп бір үңілді. Соңында олар «біздің ауылда мұндай адам жоқ» деп басты бір-ақ шайқады. Жүргіншілер қайтқан қаздай тізіліп алып өз жолымен кете барды. Сағидолла өзінің қолға түскенін сонда ғана сезіп, үнемі өзі көп қолданатын «иттің барып өлген жері-ай» деген жаттанды сөзін тағы бір қайталады.

Сол күні күзетшілер оны көпір маңдағы бір тергеу абақтысына апарып қамаған. Жергілікті тәртіп сақшылары алдына келген мұндай айыптыны аясын ба, олардың іздегені де сол емес пе? Тәулік бойы кірпік айқастыртпастан сұрақтың астынан алды. Бірде ұйғыры, бірде қытайы, енді бірде моңғолы келіп тергейді. Бәрі де еш оңдыртқан жоқ. Бірақ қанша ұрып-соғып, қылбұрау салған асаудай шыңғыртып қинаса да, тұтқын жақ кірісін ашқан жоқ. Ол мүлде мылқау адамның кейпіне еніп, одан сайын қасарысып алды. Тек анда-мұнда қол әрекеттерімен бірдеңелерді нұсқап көрсеткен болады. Әйтеуір, оның тамағы сау, алдына келген астан бас тартпайды. Бергенін апыл-ғұпыл асай салып, көзі жәудіреп қарап отырады. Олар оны бірнеше тәулік нәр татырмай ашықтырып та, ас та төк тамақ беріп тойғызып та байқады, бірақ сөз жоқ. Тіпті, оған қинаудың сан түрін қолданып та көрді, бәрібір тіл қатпады.

Осымен тұп-тура бір жұма уақыт өтті. Тұтқыннан жауап алудан мүлде күдер үзген тергеушілер болған жайды басшыға барып жеткізген. Амалы құрыған түрме басшысы бірде Сағидолланы өз алдына алдырып, оны ұстап әкелген қос сарбазды қоса шақыртыпты. Қос сарбаздың келуін тағатсыздана күтіп отырған түрме басшысы олар есіктен кіре салысмен Сағидолланы нұсқап: «Сендерде ес бар ма? Не сөйлей алмайтын, не құлағы естімейтін мылқау адамды қайдан тауып әкелдіңдер? Енді оны қайдан әкелсеңдер сонда алып барып атына мінгізіп жолына салыңдар!» – деп ақырды. Сағидолла алғаш көпірдегі күзетшілер тоқтатқан сәтте мылқау адамның кейпіне енуі керек еді. Бір ағаттық жібергенін сонда біліп, тек: «Я, Раббым, жейтін таяқты жедім, көрер қорлықты көрдім. Енді мына албастылардың құрығынан өзің құтқара гөр» деген бір тілегін қайталай берді. Күзетшілер үнсіз қалған жоқ, жарыса сөйлеген олар қияқ мұрты едірейіп, түксие қараған ұйғыр басшыға: «Иә, басеке. Бұл сіз ойлағандай сақау да, саңырау да емес. Біз оны алғаш ұстаған сәтте ол аттың екі жағына бірдей теңселіп біресе ұйғыр, біресе моңғол тілінде ән айтып сарнап жүрген болатын. Өзі ішіп алған, қып-қызыл мас көрінді. Тіпті, оның бұл әрекетін төменгі ауылдағы бір топ атты моңғолдар да өз көзімен көрген» – деді.

Мұны естіген тергеу басшысының шеке тамырлары білеуленіп, ызадан жарылып кетердей болды. Орнынан ұшып тұрып, жерде жүресінен жүгініп отырған тұтқынға қайта төнді.

– Ей, мылқау мыналар шын айта ма? Ал, сөйле, әніңді айт енді! Әлде бұлар өтірік айтып тұрған шығар? Болмаса сендер айтыңдар, – деп есік жақта тікесінен тік тұрған қос сарбазға қарай жүрді.

– Біздің айтқанымыз шындық, ақиқаты сол басеке, – деп қос сарбаз шыр-пыр.

Сағидоллада үн жоқ. Жерге қараған бойда тесіліп отыр. Тергеу басшысы қос сарбазға жетпестен кері айналып, Сағидоллаға: «Сөйле, мылқауым, естимісің бе? Сөйлемейсің бе? Сөйлемесең мен сені әлі-ақ сөйлетем, сарнайтын боласың әлі» – деді де, қоластындағыларды шақырды. Жау жайрататындай есіктен сау етіп кіріп келген бірнешеуге оның түп-тұқиянына дейін анықтап, шынын айқызып, ақиқатына көз жеткізуді бұйырды.

Осыдан соң-ақ оны тергеу орнына қарай сүйрей жөнелген өңшең алкеуде, әпербақандар еш аяған жоқ. Алдымен ауыр соққыға жығып, естен тандыра бір тепкілеп алды. Құрым етік, темір өкшенің астында қалып сан мәрте сұлап түскен Сағидолла әлі де болса босатып жібере ме деген үмітпен тағы біразға дейін шыдап көрді. Бірақ шыдамның да шегі бар ғой. Адам қинауға келгенде алдына жан салмайтын сұмпайылар сабыр сақтататын емес. Сәт сайын кісінің өңі тұр ғой, түсіне де кірмейтін сұмдық амалдарды ойлап табады. Алла тағала тірлігінде кейбір пендесін ерекше бір сын-сынақтан өткізеді екен. Бірақ Сағидолланың басынан өткеріп жатқан мұндай ауыр күндерді ешкімге бере көрмесін. Бірде олар қол-аяғы байлаулы жанды ағаш сырыққа көлденең асып ашық отқа қақтаса, енді бірде қызған көсеумен қол-аяғын қарып жанын шырылдататын. Бұл азаптау тағы бірнеше тәулікке созылды. Сағидолла олардың қолданған әрбір жаза түрінен шындыққа көз жеткізбей тынбайтынын ұқты... ақыры шындықты айтып тынды.

Тергеу залы. Тұла бойы тұлыптай ісініп, қанталаған көздері әрең-әрең жылтыраған Сағидолла тергеушілер алдында жауап беріп отыр. Ол өзінің Сексентам жаза лагеріндегі жазасын өтеуші екенін айта келіп, бірде түрмелестеріне ренжіп шығып кеткен беті адаса-адаса осында жеткенін баяндады. Сонымен, екінші мәрте қолға түскен Сағидолла істің ақ-қарасын ажыратып, ақиқатына көз жеткізгенше көпір маңындағы абақтыда болды. Осыдан кейін оны бір түннің ішінде өзі қашып шыққан бұрынғы жаза лагеріне қайта жеткізді. Сағидолланың соңғы тергеу абақтысында жеген таяғы, тартқан біраз күндік азабы болмаса, жалпы жағдайы жақсы еді. Ол алғаш жоғалған кезде екі беті пышақ жаныған қайрақтай жұқарып, сүйек-сүйегі сіңіріне ғана ілініп әрең кеткен. Ал, бүгін мүлде басқаша. Жайлаудың сарқымызын сапыра ішіп, бағлан етімен сорпаланып келген жандай қызара бөртіп, тойына бастаған.

Қарашәріден ауыр шынжырлы кісен мен ажырғы кигізіп әкелген Сағидолланы ешкімге жолықтырған да, тілдестірген де жоқ. Тек көліктен түсіріп жатқанда көріп қалған бірнеше түрмелестерінің зәре-құты қашқан. Өйткені, әдетте мұндай ажырғыланып, арнайы жасақпен жеткізілетіндердің дені өлім жазасына кесілуші еді. Өлімге үкім етілген сорлының күні бұртын оңынан, солынан, алды мен артынан арнайы суретке түсіретін. Ал, үкім оқылатын күні оның ең алдымен аяқ-қолын мықтап кісендеп, мойнына дәл осындай ажырғы тақтай іліп қоятын. Тақтайға айыпкердің толық аты-жөні жазылып, үстінен қызыл бояумен айқастырып сызып тастайтын. Бұл қылмыскердің басқа емес, өлімге айдалып бара жатқанының айқын бір белгісі. Осыдан соң онсыз да құр сүлдері қалған жанды ашық көлікке шығарып, қала көшелерінің бірін қалдырмай аралатып шығады. Осылайша оны жұртқа тегіс бір рет көрсетіп, ендігі қылмыс өткізгендердің көретін күні осы дегендей ескерту жасайды. Санаулы сағаттардан соң жарық дүниемен біржола қоштасқалы кетіп бара жатқан бейбақтың түрі қандай суық десеңші?! Тура қарағанда көздері өңменіңнен өтетін. Көрген жанның тұла бойы түршігіп, іштей тәубесін үйірумен ғана болады. Ондайдың құдай бетін ары қылсын, әрине.

Байқаудың мақсаты – ақын Әбділда Тәжібаевтың өнегелі өмірімен, ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттап, көпшілікті оның өлеңдерімен, әндерімен таныстыру.

Байқауға қала мектептерінің оқушылары, қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің оқытушылары және қала тұрғындары қатысты. Ереже бойынша олар бірінші кезеңде ақынның екі-үш өлеңдерін жатқа оқыса, екінші кезеңде пьесаларынан сахналық үзінділер көрсетті. Сонымен қатар арнайы шақырылған қонақтар – Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының әншісі Төлеутай Серіков пен Қарлығаш Әбдірасылқызы ақынның «Паровоз», «Сарыарқа» әндерін орындаса,Текелі қаласы Мәдениет үйінің әншілері де өз өнерлерін жұртшылыққа ұсынды.

Әділқазылардың шешімі бойынша I орынды №2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы Гүлжазира Орданбек пен №8 орта мектептің 9-сынып оқушысы Мардана Жұмакелді, II орынды №3 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы Айнұр Сәкен мен №5 орта мектептің 11-сынып оқушысы Нұрай Нұрғожа, III орынды №4 орта мектептің оқушылары Салима Құсман мен Акнұр Таңжарық иеленді. Байқауға қатысушылар дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды.

Ш. ХАМИТОВ

МАМАН МІНБЕРІ

Елбасымыз өзінің 2018 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында сот жүйесін одан әрі жаңғырту мәселелеріне көңіл бөле отырып сот жүйесінің алдына үш талап қойған еді.

СОТ ЖҮКТЕМЕСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Атап айтсақ: 1) сот жұмысының заманауи форматтары мен озық электронды сервистерді енгізуді жалғастыруды; 2) ең білікті заңгерлер судья болуға ұмтылатындай жағдайлар жасауды; 3) соттарға заңсыз ықпал етуді болғызбаудың алдын ала отырып, түсінікті және болжамды сот тәжірибесін қалыптастыруды тапсырған.

Президент Жолдауында көрсетілген тапсырмаларды орындауға Жоғарғы Сот басшылығы қызу кірісіп кеткен еді. Нәтиже бар, сот саласындағы атқарылып жатқан тиымсыз еңбектер өз жемістерін беріп, нәтижесінде 2019 жылдың 21-ші қаңтарында сот жүктемесін оңтайландыруды көздейтін тиісті заңға қол қойылып, ол заң 2019 жыл 03-ші ақпанда күшіне енді.

Аталған заң сот жүктемесін едәуір оңтайландырып тастады. Атап айтар болсақ, 2019 үстіміздегі жылдың 3-ші ақпанына дейін сотпен санкцияланып келген сот орындаушылардың 18 әрекетінің, ендігі уақытта тек 2-уі ғана, яғни, күштеп әкелу және республика аумағынан шығуға тыйым салу ғана, сотпен санкцияланатын болады. Бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібінде қаралатын 18 талаптың 9 талабы нотариустың құзырына беріліп, оңайлатылған іс жүргізу тәртібінде қаралатын 12 талаптың 10 санаты бойынша талап бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібіне ауыстырылды.

Сотта қаралатын істер санын азайтуды қоғам да өте құптарлық қадам деп танып отыр. Өйткені, 2019 жылға дейін сотта қаралатын істердің саны жыл санап көбейіп келген. Оның ішінде күрмеуі қиын күрделі істер де, шешуі қиындық туғызбайтын, бірақ заң талабына сай сот билігімен ғана шешуді қажет ететін қарапайым істер де болған еді.

Сот жұмысы бәріне аян «жеті рет өлшеп, бір рет кесуді» талап ететін мамандық. Бүгінгі таңдағы соттармен жіберіліп жатқан кемшіліктің басым көпшілігі де осы судьяның уақытының тапшылығы салдарынан орын алып отырғаны жасырын емес. Ендеше, соттың қарауына келіп түсетін жүктемені азайту оп уақыт талабы. Жүктемені азайтудың бір механизмі ретінде, Жоғарғы Сот бастамашылығымен атқарылып жатқан сотқа дейінгі бітімгершілік жолы болса, тағы бір жолы ретінде сотта қаралатын кейбір дау санаттарын басқа құзырлы органдардың қарауына беру болатын.

ҚР Жоғарғы Сот төрағасы Ж. Асанов 11.10.2018 жылғы инвестициялық даулар жөніндегі халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде, еліміздегі соттарда 2016 жылы 1,7 млн іс пен материалдар қаралса, 2017 жылы – 2,7 млн, ал үстіміздегі жылы 3,8 млн іс пен материалдар қаралады деп күтілуде екендігін айта келе, осы істерді қарайтын судьялардың қазіргі таңдағы саны 1 800 шамасында екендігін тілге тиек еткен болатын.

Дәл осындай алаңдаушылықты тағы бір халықаралық алқалы жиында Жоғарғы Соттың мамандандырылған сот алқасының төрағасы А. Қыдырбаева да қадап айтып өткен еді. Ол өз сөзінде соттарда қаралып жатқан істердің шамамен 70% дау туғызбайтын істер екендігін, яғни ол істер бойынша құқықбұзушы тағылған айыппен де және тағайындалған жазамен де келіскендігін баяндай келе, бұндай істердің соттарда қаралуының қаншалықты қажеттілігінің бар екендігі туралы ой бөліскен еді.

Әрине, сотпен шешіліп келген мән-жайларды басқа құзырлы органдардың қарауына беру, сол құзырлы органдардың әрекетіне шағымдардың көбейтеді, сыбайластық етек алуы мүмкін деген секілді қарсы пікір айтушылар болуы мүмкін. Бірақ, бұның екінші ұшы бар, ол сол хаттама толтырушы құзырлы органдардың жауаптылықтарын күшейтеді және даулы мәселені созбалаққа салынудан (хаттаманы сотқа жолдау, оны сотта қарау, сот қаулысының заңды күшіне енуі секілді) құтқарады.

Осындай жолдар арқылы соттарды жүктемеден арылту судьялардың шын мәнінде шиеленіскен даулы істерді қарап шешуге жұмылдырады. Шиеленіскен даулы істерді қарау барысында судьялардың да біліктілік деңгейлері де айқындалатын болады.

Шалқар ТАЛДАНБАЕВ,
Алакөл аудандық сотының төрағасы.

ОЙТОЛҒАУ

РУХАНИ ӨРЛЕУ

Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Сонымен қатар бірнеше тілді білген адам ештеңеден де ұтылмайды. Демек, біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» – дейді Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруді үйренудің жолдарын білуі тиіс. Ал қоғамның даму кілті – білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруында. Сол үшін болашақ иелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыруда жаңа тәжірибелер арқылы белсенді мамандар дайындау қажет.

Сондықтан біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізілуде. Әрі жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік жұмысы жауапты атқарылса нұр үстіне нұр болатыны анық.

Г. ИМАНГАЛИЕВА,
Ескелді аудандық заң консультациясының қорғаушысы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ АЙТЫСКЕРЛІГІ ЖАЙЛЫ

Ілияс Жансүгіровтің проза, поэзия, драматургия мен журналистика саласындағы әдеби мұрасы жұртшылыққа кеңінен таныс. Ақиық ақынның қазақ әдебиетінің тарихындағы өзіндік орны, оның дамуына қосқан үлесі көпшілікке белгілі. Әдеби мұрасының зерттелу жайы да аян. Сондықтан біз бұл еңбегімізді ардақты азаматтың қыруар еңбегінің бір қыры – Ілиястың айтыскерлігіне арнап отырмыз.

Оған асқақ та жомарт талант сыйлаған – Жетісу өлкесінің ең ғажайып сұлу тұсы, жер жұлдызы Ақсу аймағы, аспанмен таласқан Бүркітті, Күреңбел, Зәуресай, Баянжүрек жайлаулары мен Қапал, Ешкіөлмес, Арасандардың шапағаты. Өйткені осынша ғажайып табиғат Ілиястай ақын перзентінің жүрек-қанына қасиетін дарытпауы мүмкін емес.

Ілияс аузынан уыз сүті кетпеген балаң кезінен-ақ қазақ ауыз әдебиетінің ұлы рухымен нәрленіп, өмірді танып-білуге, оның тылсым терең сырларын ашып, астарлы мағыналарын ұғынуға құштар болып өсті. Бұл тұрғыда шығыс аңыздары, поэмалары, халық әңгімелері, сондай-ақ, өзі жастайынан көріп, өз құлағымен ұйып отырып тыңдаған Молықбай, Шөже, Әсет, Бақтыбай, Сүйінбай, Майра, Сара, тағы басқа әйгілі ақындардың өміршең дәстүрі мен әсер-ықпалы да оның жанын жадырата түсіп, ақындыққа қарай үйіріп, баурай береді. Ілияс күллі «Еңлік – Кебек» дастанын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жатқа айтып беретін болған, ол жырлардың бірнеше нұсқасын білген.

Ілиястың әдебиетке келу жолдары сан-салалы, оның ішінде ел әдебиеті үлкен орын алады, ауыз әдебиеті ақынның туындыларына шырай берумен қатар, болашақ тағдырын айқындауға жол салып берді.

Ілияс Жансүгіров ақындар айтысын құлай тыңдап, қызыға жаттады. Қос ішекке тіл бітірген күйші мен әншілердің өнеріне сүйсінді. Өзі де балалық шағынан домбыра тартып, қоңырлатып ән салды. Ілияс ауылда өтетін той думандардан қалмай, кейде қыздармен айтысып та қалып жүрген.

«Өз ауылында өткен бір тойда Ілияс Боранбектің қызы Әлишамен айтысады», – деп жазады Қ. Шөкенов.

Ілияс:
Ойды түй, сөзіңді тап ақылдасар,
Құп алып дәл тілекті мақұлдасар.
Осымен қош айтысып тарқасалық,
Өмірге күн туады жақындасар.

Әлиша:
Келерде дәреттеніп жалынып кел,
Мойныңа дұға тұмар тағынып кел.
Қыз әулие болғаны есіңде ме?
Ақ-қара бас қой айтып табынып кел, –

деп, жауап қайтарады. Тыңдаушылардың Әлишаға тілектес жағы шоқтығы көтеріліп, дүрілдесе қалады. Ілиясқа тілектес жағы сәл үрпиісіп қалды. Отырғандардың бәрі де орындарынан бір-бір қозғалысты. Сонда Ілияс іркілместен:

Арманың, есіл-дертің әулие ме,
Қазақ қызын бермейді әулиеге.
Халқыңнан әулиені тәуір көрсең,
Нарға мін де кете бер әулиеңе! – дейді.

– Қарағым, Ілияс жамандаспай айтыңдар. Сен жеңдің, жол сенікі, – дейді, Әлишаның шешесі Ілиясты арқадан қағып. Әлиша үні шықпай, іркіліп қалады. Дәл осы кезде табақ тартқыш Әбіш келіп:

– Ал, ыңғайлана отырыңыздар, тамақ дайын болды, – дейді өлеңді жалғастыра төгіп отырған ақынға қарап. Ілияс тағы да:

Ақылды адам сертінен таяр ма еді,
Мақтанып әулие атақ жаяр ма еді.
Өлеңнің енді қызған кезі еді ғой,
Ойбай, Әбіш, тамағың даяр ма еді, –

дейді. «Әлиша қыз, шынында да, өз кезінде екінің бірі таласатын сұлу да, өлеңші де, әдепті де қыз еді», – дейді Ілияс. Бұл 1912 жылы күзде болған айтыс еді. Бір болыс елдің көлемінде Ілиясқа ешкім шақ келмейтіні байқалған болатын. Ол жиын-тойларда өзінің шығарған әнін домбыраға салып шертетін.

Айтолқын Ысқақова өзінің Ілияспен айтысқандығын былайша есіне алады: «Менің Ілияспен айтысқа түскен кезім есімнен шығар емес. Айналамыз қаумалаған қалың жұрт. Бәрі бізді қолдап, қолпаштап, қажет кезде, бойға қуат, қиялға қанат бітіргендей-ақ дауыстап қояды. Бір ғажабы, бәріміз де жалындаған жастар едік. Мен ол кезде небәрі 16 жаста едім. Қазіргі «Қызылтаң» совхозы орналасқан жер бұрынырақта ел арасында Жайпақ деп аталатын. Айтыс басталып, енді қыза бергенде, Ілияс маған қарата сөйлеп:

– Менің Айтолқын қарындасыммен бәсекеге түскім келеді! – деді.

Мен ұялғанымнан екі бетім от боп жанып, жанымда тұрған күйеуім мен енеме қарай берiппін. Ал, олар болса, мені қолдай сөйлеп:

– Қысылма, Айтолқын, жарыса бер! – деп жатыр. Мен бұрын да талай айтыстарға қатысып, басында, сәл-пәл жүрексінсем де, соңынан талайын жеңіп те шыққанмын. Бірақ, бұл жолы мен мүлде күтпеген тосын жағдайға кездестім. Өйткені, алдымда тұрған ақын Ілияс еді, оның ешкімге бой алдырып, ешкімнен ықпайтын өршіл ақын екендігін жұрттың бәрі де білетін.

Ілияс бұл сайыста барын салса, мені әлдеқашан-ақ жеңіп шыққан болар еді. Алайда, ол өйтпеді. Есесіне, ол маған «жол беріп», бұл бәсекенің үстінде менің де ақындық өнеріммен барынша көрінуіме мүмкіндік берді. Әйтпесе, Ілиястай ақынды жеңу, не оның бетін қайтарып, бәсекені ұзата түсу мен секілді жас ақынға мүмкін де емес еді ғой. Сол бір жастық шақтағы кездесу, сол бір кештегі көңілді орта, ақынның қыран тұлғасы, оның өзімен бәсекелесушіге деген ынтаықыласы, қарсыласының тапқыр да өткір жыр шумақтары үшін сүйсініп, қуануы, өзінің де суырыпсалмашылық қасиеттері – бәрі-бәрі, міне, арада талай жылдар өтсе де, күні бүгінгідей, тіпті, соның бәрі де әлгінде ғана болып өткендей көз алдымда...».

Ақсу селосының тұрғыны Рахметов Есқали да Ілиястың айтысына куә болғандығын растайды: «Ежелден өнерге жаны құмар қазақ ауылы, оның ішіндегі Матайдағы Аталық руының жастары Жаманқұм төбесіне жиналып, кезек-кезек айтыса беретін еді. Айтыстан қайтар жолда Ілияс ақын айтыс барысында туған шумақтарды Есқалиға қайталатып, өзі қағаз бетіне түсіртеді». Сол шумақтардан үзінді:

Сіздің ауыл білем ғой белде болса,
Кім шерменде болмайды делбе болса.
Жарлының айтқан сөзі ем болмайды,
Қан тамған қылышынан ер де болса.

Бұл өлең шумағынан елдің тұрмыс-салтын, тыныс-тіршілігін, сол заманның ащы шындығын көреміз. Сол кездің өзінде-ақ Ілияс ұлттық өнерді танып, бағалай білгенін, қоршаған ортасына, қоғамға, заман ағымына терең мән беріп, сын көзбен қарайтын үлкен дарын иесі екенін байқатады.

Ілияс сынды жыр майталманымен жақын жүріп, жақсы сыйлас болған Жақабыл Жанабілов естелігі де оның айтыскерлік қырын ашады: «Арал түбегіндегі Ардабектің ауылында той бар көрінеді, тезірек Жақабыл маған жетсін, – деген хабарды Ілиястың өзі жіберіпті. Осы тойда күміспен күптеленіп, алтынмен апталған Қаптағай ішіндегі атақты Қуантайдың қызымен Ілекең сөз қағыса қалып еді. Әйтсе де, тасы өрге домалап, қарғасы қаз іліп тұрған қарғалы ел қара халықтың қалжыңын көтеруші ме еді, той айтысы төбелеске айналып, Қаптағайдың қалың тентегі бізді топтан қуып шыққан-ды. Сондағы айтыстың жұрнағы төмендегідей:

Қыз:
Сен қашан теңдес едің меніменен,
Мен қашан орай едім сеніменен,
Аузыма «а» дегенде кірмейміcің,
Бір тартқан қаракердің теріменен?
Қой, сорлы, шалыныма ораларсың,
Бір тартқан лебізіңнің желіменен,
Бұл сөзім өлең тұрмақ мақалда бар,
Қой бірге жайылмайды бөріменен,
Аузыңмен жын ұрғандай сөз сөйлейсің,
Болған ба шешең сырлас періменен? –

дегенде, Ілияс домбырасын толғай ұстап, аңыратып ала жөнеледі:

Бараді-ау аулым көшіп қайқанменен,
Қаракөк, түйебастым, байталменен.
Қозы – Көрпеш қиссасын бұзып айтар,
Өлеңнің жөнін біліп айта алмаған.
Өзің де жын ұрғандай сөз сөйлейсің,
Бірге түнеп шығып па ең шайтанменен?

Қыз:
Ілиясым, тұрасың ардагердей,
Сөйлейсің орағытып жолды бермей,
Асында Ыбырайымның ат жарысып,
Шұлғаубайкер келмеп пе ед бәйге
бермей?

Ілияс:
Бұл Жақаң дүрліктіріп әнге салған,
Жақаңның күні бар ма тойдан қалған?
Бар дейді Бейсенбайда Шұлғаубайкер,
Бес байтал сендей-сендей беріп алған...

Осы айтыстан соң Ілияс көп ұзамай білім қуып, қалаға аттанады.

Қыс айының бір күнінде Ілияс Алматыдан ауылға келе жатып, жолда Қабдолда қарияның үйіне түседі. Ол кезде Жұман 10-11 жастағы бала екен. Ақынды алғаш көруі. Сол кезеңді тебірене есіне түсіреді:

«Қабдолданың үйі осы ма?» – деп үстінде ішігі, басында түлкі тымақ, аяғында ақ пимасы бар денелі кісі келіп шанадан түсті. Қасында бір жолдасы бар. «Ауылға Алматыда оқып жүрген ақын бала Ілияс келді», – деген хабар ауыл арасында ду ете түсті. Қуанышты хабар жата ма, үлкен-кіші бала-шаға демей, жиналып қалады. Сондағы қарапайым ауыл адамдарының күткені: аты шығып қалған ақынның өлең-жырларын тыңдап, қала, ел жаңалықтарын біліп, жақсы сөз, әдемі ән есту еді. Ілияс жиналған қауымнан сол түні және келесі күні де өз өнерін аяған жоқ. Сол замандағы ел ішіне кең тараған аңыз-жырларды, қиссаларды «Мұңлық – Зарлық», «Еңлік – Кебек», тағы осы тектес басқа хикаяларды жатқа айтқанда ерекше ырғақпен әндетіп, тіпті екі адамның кезек айтатын жеріне келгенде екі түрлі әуенге салды. Жиналған жұрт сілтідей тынып, тыңдады. Кейбір тартыс, күрес, ғашықтық жерлерін суреттегенде тыңдаушылардың кейбіреулері көзіне жас алып отырды. Оның күмбірлеген үні, домбыра тартуы күні бүгінге дейін жадымда жаңғырып тұр.

Тойымбала дейтін ұзын бойлы, бота көзді, сұлу келіншек және керемет әнші, суырып салма ақын «Ауылға жас ақын келіпті»! – деген хабарды естіп, 10-15 шақырымдай жерден әдейілеп келіпті. Келе: «жас ақынмен айтысамын», – деп бірер ауыз өлеңді тастап-тастап жіберді. Айтысудан тайынатын Ілияс па? Екеуі біраз сөз тастасып, қағысып, жөн сұраса келе, бір рудан болып шықты. Сонда Ілияс: «Тойымбала менің қарындасым болып шықты, менен екі жас кіші екен. Енді мен айтыспаймын», – деді. «Ойбай-ау, Ілияс өз ағайым болып шықты ғой, енді айтыспаймын», – деп Тойымбала да кейін сырғып отырды. Осымен екі ақынның айтысы доғарылып қалды».

Бұл естеліктерден ақынның айтыс өнеріне деген ыстық ықыласын, оның табиғи дарынын көреміз. Қазақ айтыс өнерінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосқандығы – оның сан-салалы қырының бірі деп білеміз.



Шара КЫЯХМЕТОВА,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының аға ғылыми қызметкері.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ СОГЛАШЕНИЕ

Закрепление в Уголовно-процессуальном Кодексе института процессуального соглашения является существенной и целесообразной новацией в уголовном процессуальном законодательстве. Процессуальное соглашение заключается между прокурором и подозреваемым, обвиняемым или подсудимым на любой стадии уголовного процесса или осужденным в порядке и по основаниям, предусмотренным УПК.

Действующий уголовно-процессуальный кодекс, предусматривает два вида соглашений: в форме сделки о признании вины – по преступлениям небольшой, средней тяжести, либо тяжким преступлениям – в случае согласия подозреваемого, обвиняемого с подозрением, обвинением; в форме соглашения о сотрудничестве – по всем категориям преступлений при способствовании раскрытию и расследованию преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, совершенных иными лицами, а также экстремистских и террористических преступлений.

В судебном заседании при согласительном производстве участвуют только прокурор, подсудимый и его защитник. Рассмотрение дела начинается с разрешения отводов и ходатайств, процессуального соглашения о признании вины. Выслушав прокурора, председательствующий выясняет у подсудимого, понятна ли ему сущность процессуального соглашения и согласен ли он с ним. Судья также вправе разъяснить подсудимому сущность процессуального соглашения и задать вопросы подсудимому и его защитнику по обстоятельствам заключения процессуального соглашения о признании вины. После окончания рассмотрения процессуального соглашения председательствующий выясняет у подсудимого, какой срок ему потребуется для добровольного исполнения судебного акта в части имущественных взысканий, предусмотренных в соглашении, при этом выясняет его семейное и материальное положение. Подсудимому должно быть также предоставлено право что-либо дополнительно сообщить суду. После выслушивания подсудимого председательствующий удаляется в совещательную комнату.

Для рассмотрения дела законом отведено 10 суток, с возможностью продления ещё на аналогичный срок. Также законодательно закреплено право государственного обвинителя, подсудимого и его защитника заявить в суде ходатайство о заключении процессуального соглашения о признании вины. В этом случае судебный процесс прерывается с предоставлением сторонам разумного срока для его заключения. После его заключения процессуальное соглашение о признании вины предоставляется судье, который постановляет о продолжении рассмотрения дела в согласительном производстве. Если согласие не достигнуто, рассмотрение уголовного дела судом продолжается в общем порядке.

А. БЕИМБЕТОВ,
судья СМУС Алматинской области.

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ ВСЕГДА ЯВЛЯЛАСЬ АКТУАЛЬНОЙ И ЗЛОБОДНЕВНОЙ ПРОБЛЕМОЙ ДЛЯ ЛЮБОГО ГОСУДАРСТВА. ПОСКОЛЬКУ ПРОЯВЛЕНИЯ КОРРУПЦИОННЫХ ДЕЯНИЙ ЯВЛЯЮТСЯ ПРЕПЯТСТВИЕМ НА ПУТИ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА В УСЛОВИЯХ РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКИ И ПОРОЖДАЮТ В ОБЩЕСТВЕ НЕДОВЕРИЕ К ОРГАНАМ ВЛАСТИ. МОЖНО СКАЗАТЬ ЧТО КОРРУПЦИЯ – ЭТО ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЕ СВОИМИ ПОЛНОМОЧИЯМИ В ЛИЧНЫХ ИНТЕРЕСАХ. КОРРУПЦИЯ ОКАЗЫВАЕТ НЕГАТИВНОЕ ВЛИЯНИЕ НА ВСЕ СФЕРЫ ОБЩЕСТВА: ПОЛИТИКУ, ЭКОНОМИКУ, СОЦИАЛЬНУЮ СФЕРУ; НЕГАТИВНЫЕ ЖЕ ПОСЛЕДСТВИЯ, ПОРОЖДАЕМЫЕ ЭТИМ ЯВЛЕНИЕМ, ПРЕДСТАВЛЯЮТ РЕАЛЬНУЮ УГРОЗУ ИНТЕРЕСАМ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ.

ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ

В Казахстане с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией.В этой связи принимаемые меры, направленные на борьбу с коррупцией являются своевременными и необходимыми.

Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 410-V « О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики.

Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК.

Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявлений.

Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.

Саят КОКЕБАЕВ,
старший судебный пристав Талдыкорганского СМАС.

Гендерная политика нашей республики

Одна из важнейших составляющих демократического процесса в нашей стране это национальная Гендерная политика. С первых дней Независимости страны вопросы гендерного равноправия занимают центральное место в политике Главы государства. За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин. Республикой Казахстан проведена большая работа по интеграции Казахстана в мировое сообщество.

В 1998 году Казахстан присоединился к Конвенции Организации Объединенных Наций о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин. Ратифицирован факультативный протокол к данной конвенции, и в 2001 году Республикой Казахстан был представлен отчет в ООН о выполнении конвенции, получивший положительную оценку. Ратифицированы конвенции ООН «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины», шесть конвенций Международной организации труда, в том числе «О равном вознаграждении мужчин и женщин за труд равной ценности».

Для решения проблем семьи, женщин и детей в 1995 году Главой государства был создан Совет по проблемам семьи, женщин и демографической политике при Президенте Республики Казахстан. Советом была разработана, и распоряжением Президента Республики Казахстан от 5 марта 1997 года № 3395, одобрена Концепция государственной политики улучшения положения женщин в Республике Казахстан.

В 1998 году Совет был преобразован в Национальную комиссию по делам семьи и женщин при Президенте Республики Казахстан. Национальной комиссией в 1999 году впервые был разработан Национальный план действий по улучшению положения женщин в Республике Казахстан, утвержденный постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 июля 1999 года, №999.

Указом Главы государства от 29 ноября 2005 года утверждена Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на долгосрочные годы. Стратегия является основополагающим документом, направленным на реализацию гендерной политики государства, инструментом ее реализации и осуществления мониторинга со стороны государства и гражданского общества, важным фактором становления демократии.

Еламан КУРМАШ,
судебный пристав СМЭС Алматинской области.

ПОРЯДОК ПРЕДЪЯВЛЕНИЯ ИСКА

Предъявить иск - это значит обратиться в суд с заявлением, в котором должна содержаться просьба к суду о рассмотрении возникшего спора о праве. Однако, чтобы было возбуждено гражданское дело, недостаточно только подачи в суд искового заявления. Судья должен решить вопрос о принятии его к производству суда в соответствии с законом.

В новом ГПК расширен и изменен состав условий реализации права на предъявления иска.

Однако, практически форма и содержание искового заявления оставлены прежними, внесено изменение о том, что при подаче искового заявления в заявление должны быть указаны сведения о соблюдении досудебного порядка обращения к ответчику, если это установлено законом или предусмотрено договором.

По новому ГПК к исковому заявлению необходимо прилагать документ, подтверждающий направление ответчику или его представителю, третьим лицам копии искового заявления и приложенных к нему документов; документы, подтверждающие соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором; ходатайства истца об истребовании доказательств, если доказательства находятся у ответчика или третьего лица; копии устава, свидетельства или справки о государственной регистрации (перерегистрации), если иск предъявлен юридическим лицом.

Предусмотрено, что в случае не соблюдения требований к форме и содержанию искового заявления, а также к требованиям по предоставлению документов, в частности документа, подтверждающего направление ответчику или его представителю, третьим лицам копий искового заявления и приложенных к нему документов; документа, подтверждающего уплату государственной пошлины; доверенности или иного документа, удостоверяющего полномочия представителя; документа, подтверждающего соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором, иск подлежит возвращению.

Но при этом, следует учитывать, что исковое заявление по вышеуказанным основаниям подлежит возвращению, если будет установлена невозможность устранения недостатков на стадии подготовки дела к судебному разбирательству.

Встречный иск может быть предъявлен до окончания подготовки дела к судебному разбирательству. Течение срока рассмотрения и разрешения дела, по которому подан встречный иск, исчисляется со дня окончания подготовки дела к судебному разбирательству по основному иску.

Мурат ТАНИРБЕРГЕНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

МЕДИАЦИЯ

Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон. Медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.

С 1 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация.

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда. Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу.

При этом, государственная пошлина оплаченная сторонами возвращается им из бюджета. Таким образом, медиация минимизирует нравственные и материальные потери сторон связанные с произошедшим конфликтом (спором).

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КАРАТЭ

Мерей СҮЙІНОВ, әлем чемпионы: «ЕЛІНІҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАТЫН ҺАС ШЕБЕРДІ ТАРТУ ЕТУ – МЕНІҢ АРМАНЫМ»

СПОРТ ӨНЕРІНЕ ҚҰЛШЫНЫС ТАНЫТАТЫНДАРДЫҢ ҚАТАРЫ КӨП. БАҚ ПЕН БАПТЫҢ СЫНАЛАР ШАҒЫНДА ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН ҚОЛ БҰЛҒАҒАН МЫҚТЫЛАРЫМЫЗ ҚАЗАҚ АТЫН ӘЛЕМГЕ ПАШ ЕТЕТІНІ АНЫҚ. СПОРТТЫҢ ЖАМАН-ЖАҚСЫСЫ ЖОҚ, ӘЙТСЕ ДЕ ӘР АДАМ КӨҢІЛІ ТАРТҚАН, ЖАНЫНА ЖАҚЫН СПОРТТЫ ТАҢДАЙДЫ. ОЛАЙ БОЛСА, БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРІМ ЖАНЫНА ШЫҒЫС ЖЕКПЕ-ЖЕГІ – КАРАТЭНІ СЕРІК ЕТІПТІ. ОРАЙЫ КЕЛІП, КАРАТЭ КИОКУШИНКАЙДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ МЕРЕЙ СҮЙІНОВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

– Спорт деген – қызығы мен шыжығы мол өнер. Сіз таңдаған спорттың түрі де жеңіл емес. Қиындығын біле тұра білгіміз келетіні – каратэге қалай келдіңіз?

– Мен Қапал ауданы Суықсай ауылында дүниеге келдім. Балалық шағым осы жерде өтті. Асқар тау әкем мені былдырлаған балғын шағымнан спортқа баулыды. Әуелі ағам екеуімізді таэквандоға алып барды. Ол кезде мен №19 мектепте оқитынмын. Сонда біраз жаттығып жүрдім. Кейіннен №12 мектепке ауыстым. Ол кезде мен күреске қатысатынмын. Бірде мектептің спортзалына барсам ішінде ақ киім киген балалар жаттығып жүр екен. Бұл не жаттығу, қандай спорт түрі деп сұрасам, каратэ деді. Содан спортқа қызығып, ертеңінде жаттығу залына келдім. Көбі жаңа келген балалар болғандықтан бірінші күннен өзімді жақсы көрсеттім. Себебі мен оған дейін таэквондоның әліппесін жаттап өстім. Бапкерім мені бір ай жаттығып жүрген балаларымен белдестірді. Кездесуімнің барлығында жеңіске жеттім. Соңында жаттықтырушым «жарайсың» деп арқамнан қақты. Сол сәттен бастап мен каратэмен айналыса бастадым. Күрес пен каратэні қатар алып жүргенімде әкем: «Екі спорттың біреуін таңда» – деді. Өзі кезінде самбошы болған. Мені де осы спорттан көргісі келгені анық. Бірақ таңдауды өзіме қалдырғаннан кейін күресті емес, жаныма жақын каратэге барғаным жөн деп шештім. Міне, осы спортта жүргеніме биыл 22 жыл болды.

– Спорт әлеміндегі жетістіктеріңіз жетерлік. Әрбір жеңіс төккен тердің жемісі емес пе? Бүгінге дейін жастар арасындағы халықаралық дәрежедегі «Кубок ТМД-да», «Орталық Азия чемпионатында» күміс жүлдегер атандыңыз. Сонымен қатар, Азия және Әлем чемпионы деген атағыңыз бар. Соңғы жылдағы табысыңыз туралы айтсаңыз.

– Былтыр Ресейдің Благовещенск қаласында «Амурдағы чемпиондардың шайқасы» атты каратэнің киокушинкай түрінен өткен жарыста топжардым. Жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Сайысқа Ресейдің Қиыр Шығысынан Амур, Благовещенск, Биробиджана, Хабаровск, Владивосток, Завитинсктен әлемнің небір айтулы таланттары тартысқа түсті. Бәсекелестер тай боксы, ММА, каратэ, ушу-саньда және кикбоксинг түрінен титулдық белбеулерді сарапқа салды. Бір сөзбен айтқанда, Амурдың жергілікті саңлақтары жан-жақтан келген спортшылармен шеберлік байқасты. Осы додада бағым жанып, жеңіске жеттім. Сонымен қатар, Астана қаласында өткен әлем біріншілігінде күміс жүлдені қанжығаладым.



– Көбіне мықты спортшылар бапкерлікті таңдай бермейді. Өйткені, жақсы бапкер шықпауы мүмкін деп ойлайды. Бұл өте күрделі және ауыр жол. Десе де, сіз дәл осы жолды таңдадыңыз. Неліктен?

– Дұрыс айтасыз, бапкер болу оңай емес. Бірақ, тер иісі аңқыған залға барып, қара терге малшынып, балғын каратэшілерді дайындау, қазақ деген рухы асқақ халыққа биік шыңды бағындыратын, елінің абыройын асқақтататын һас шеберді тарту ету – менің арманым. Сондықтан бапкерлікті 18 жасымнан бастадым. Әрине, алғашқы жылдары қиын болды. Нәтижелерім күрт төмендеп, жарыстардан жүлдеге ілінбей қалып жүрген кездерім де болды. Көп еңбектендім. Бірте-бірте спортты да, бапкерлікті де алып кеттім. Шүкір, қазіргі таңда төрт тобым бар. Жетісіне үш рет жаттығу жасаймыз. Шәкірттерім көбі – республикалық, халықаралық жарыстардың чемпиондары.

– Балаларды жаттықтыруда өзіңіздің жеке бір әдісіңіз бар ма?

– Иә, әр жасқа әртүрлі қарау керек. Мәселен, ең кішкентай бүлдіршіндерді ойнатып жаттықтырамын. Одан үлкендерге қатал болуың керек. Үлкендермен өзім қатарлы адамдар сияқты барлық жаттығуды ақылдасып түсіндіремін. Балалардың психологиясы әртүрлі болады. Сондықтан бала келген кезден бастап оның мінез-құлқын жаттауың керек.

– Өзіңіз тәрбиелеген спортшылардың жетістіктерін атап өтсеңіз?

– Жеке-жеке айтып тоқталмай-ақ қояйын. Себебі бірін айтсам екіншісі қалып кетуі мүмкін. Жалпы республикалық, халықаралық жарыстардан топ жарып жүрген 10-15 шәкіртім бар. Былтыр балаларым әр түрлі жарыс түрінен 136 медаль жеңіп алды. Мұның өзі үлкен жетістік.

– Алдағы жоспарыңыз қандай?

– Ең басты жоспарым – қазақтың қарадомалақ балалары мен қаракөз қыздарынан еліміздің намысын қорғайтын чемпион шығару.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан А. САРҚЫТБАЕВА.

ҚОЛ КҮРЕС

МЫҚТЫЛАР БӘСЕКЕСІ

Талдықорған агротехникалық колледжінде Жастар жылына орай қол күрестен жарыс өтті. Сайыс салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың бойындағы отансүйгіштік қабілетін арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Дүбірлі додаға «сен тұр, мен атайын» дейтін студенттер жиналды. Қай-қайсысын алып қарасаң да мықты. Бәсеке «Күш атасын танымас» деген тәмсілді еске түсірді.

Дода қызу тартыста өтті. Әсіресе, ақтық сынға шыққан спортшылардың айқасы көрермендерді тәнті етті. Жан алысқан білекті жастардың додасын тамашалаған жанкүйерлер де ерекше әсер алып қайтты.

Жарыс қорытындысы бойынша 85 келі салмақта 1-орынды Алтай Құмарханов, 65 келі салмақта 1-орынды Айбар Қапалбай, 75 келіде 1-орынды Аслан Мұқашев жеңіп алды.

А. СЕРІКҚАЛИҚЫЗЫ.

ВОЛЕЙБОЛ

ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ЕСІМ

«Өркен» спорт кешенінде Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына орай Ауған соғысының батыры, «Қара майор» Борис Керімбаевқа арналған турнир өтті.

Ұстаздар арасында ұйымдастырылған жарысқа 12 команда қатысты. Тартысты өткен сайыстың қорытындысы бойынша I орынды №25 мектеп ұстаздары иеленсе, II орынды №19 мектеп-гимназиясының командасы еншіледі. III орынды №15 мектептің ұжымы ұтып алды.

Үздік ойыншылар да марапатталып, мерейлері үстем болды. Атап айтсақ, Е. Абдибаев турнирдің «Үздік ойыншысы» атанса, Т. Утетляев «Үздік қорғаушы», І. Такенов «Үздік шабуылшы» номинацияларын жеңіп алды. Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубок, медаль мен ақшалай сыйлықтар табыстады.

Жұлдыз МҰСАХАН.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

Азимат – айбындылық, ұлылық, маңыздылық.
Айбағар, айқабақ – күнбағыс.
Айдама – сырғып жауған қар, борасын.
Аймаш – суға пісіріп, май салған нан.
Айтабан – ошақ орнындағы қозды, қызуы бар айтақыр жер.
Ақпана – науа, мал суаратын орын.
Ақшағырмақ – ақшыл-көкшіл түсті.
Ақық – асыл, қымбат тас.
Алпар –кеңістік, қойнау.
Ансан – оңай, жеңіл.

ОЙСАЛАР

Ана махаббаты

Анасын ренжітіп алған бір жігіт былай дейді:

«Үйден ашуланып шықтым. Алайда біраздан соң өз-өзіме келіп үлкен қателік жасағанымды түсіндім. Қалтамнан ұялы телефонымды алып: «Адамдар аяқтың үстіңгі жағынан гөрі табанының еті жұмсақ әрі өте жағымды» – деп жатады. Қымбатты анашым! Табаныңыздың жұмсақтығын екі ернімен байқап көруге рұқсат бересіз бе?», – деп анама хат жібердім. Үйге қайтып келіп, есіктен кірсем анам кіре берісте отыр екен. Екі көзі дымқылданып, жүзінен қуанған белгі көрінеді. Мені көре сала былай деді: «Мен саған оны істеуге рұқсат етпеймін. Себебі ол сөздің дұрыстығына күмәнім жоқ. Сенің бала күнінде аяғыңның асты-үстін сүйгенде көзімді әбден жеткізген болатынмын».

Сол сәтте буын-буынымнан әл кетіп, көзімнен жас парлап жүре берді...

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ҚЫСТА БАЛАМЕН ДАЛАҒА ШЫҒАРДА ЕСКЕРЕТІН ЖАЙТТАР

КЕЙ АТА-АНАЛАР БАЛАНЫҢ ТҰМАУЛАТЫП ҚАЛУЫНАН ҚОРҚЫП, ҚЫСТА ДАЛАҒА АЗ ШЫҒАРАДЫ НЕМЕСЕ КЕЙДЕ ТІПТІ, ШЫҒУЫНА ТЫЙЫМ САЛАДЫ. АЯЗДЫ КҮНІ ДАЛАҒА БАЛАМЕН ШЫҒАРДА НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

Далада қанша уақыт серуендеу керек?

Далада жүру уақыты баланың жасына байланысты өзгереді:

- 3 айға дейін серуендеуді 20-30 минуттан бастаған жөн. Серуендеуге -5° дейінгі температура қолайлы болып саналады. Егер термометр көрсеткіші одан да төмен болса, үйде болған дұрыс;
- 3-4 айдан бастап -10° температурада 1 сағаттай серуендеуге болады. Алайда, далада жел болмауы керек және бала дұрыс киінген болуы тиіс;
- Дәрігерлер 2 жастан бастап баланы күнде сағат 16:00-ге дейін (қанша уақыт болса да) далаға шығаруды ұсынады. Тіпті, -15° температурада да баланың далада ойнауы иммунитетті көтеруге көмектеседі;
- 4 жастан кейін балалар одан да көп серуендей алады. Алайда температураның -15°-тан төмен болмағаны және далада жел болмағаны жөн.

Қарны тоқ бала далада қуана-қуана серуендейді. Сондықтан серуендеуге арналған ең жақсы уақыт – таңғы және түскі астан кейінгі кез.

Баланы қалай дұрыс киіндіру керек?

Қымтап киіндірген балалар жиі ауырады. Бала ересекке қарағанда көбірек қозғалады, сондықтан ол өте қалың киімнен ыстықтайды. Ағзадағы жылу алмасу бұзылып, қызып кетеді. Баланы дұрыс киіндіру үшін өзіңіздегі киім қабатын санап, баланы да соншалықты қабаттап киіндіріңіз. Бір қалың киімнің орнына бірнеше жұқа киімді қабаттап кигізген жөн.

Деректер интернет көзінен алынды.

деген екен...

СІЗДІҢ ӘРУАҚТАР ЕНДІ КЕЛЕ ЖАТЫР

Белгілі айтыскер Иранғайып Күзембаевтың ағасы да өнерден құралақан емес. Ақындығы болмаса да ән салып, той-томалақ басқаратын әдеті бар. Тіпті, шеберлігі асқан асаба.

Қызылорда облысының Шиелі ауданында тұратын Талғатқа осы өңірдегі ауыл-аймақтың бәрі бірінен соң бірі кезекке тұрып, той басқартып, беташар айтқызады екен. Қолдан-қолға тұрмай, бағасы артқан Талғат та бір күнде бірнеше ауылға сапарлап, беташар айтып, өзіне тиесілі нәсібін алып, қалтасын қампайтып қайтатын көрінеді.

Сондай бір беташардың рәсімін аяқтап, асығыс-үсігіс келесі ауылға аттаныпты. Баратын ауылы да біршама қашықта болса керек. Келіскен уақытынан кешігіп, келін түсірген үйдің иелері де, жиналған қауым да абыр-сабыр күйге түсіп тұрғанда, «міне келіп қалдым, келінді далаға шығара беріңдер» деп, домбырасын арқалап Талғат та жетеді ғой. Күні бұрын келіннің кімге сәлем беретінін алдын-ала тізімдеп алған Талғат төс қалтасына қолын салып жіберіп, ілінген қағазды алып, беташарды өлеңдетіп кеп жіберіпті. Әуелі көпшілікке сәлем салдырып, содан соң марқұм болған әруақтардың аты-жөндерін тізбелей жөнелгенде, той иелерінің бірі: «Талғат, бұл біздің әруақтар емес» – деп құлағына сыбырласа, «Саспаңыз, сіздің әруақтар енді келе жатыр» – деген екен. Сөйтсе, асығып жүріп алдыңғы ауылдағы айтқан беташардың тізімін ауыстырып алыпты.

Айтақын МҰХАМАДИ.

«АЛАТАУ» – ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:	ЦЕНА ПОДПИСКИ:
РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ	**С РЕДАКЦИИ**
10 айға – 2200 теңге.	10 месяцев – 2200 тенге.
6 айға – 1100 теңге.	6 месяцев – 1100 тенге.
ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН	**ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ**
10 айға – 2862,10 теңге.	10 месяцев – 2862,10 тенге.
6 айға – 1717,26	6 месяцев – 1717,26 тенге.
АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА	**ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ**
10 айға – 3048,30 теңге.	10 месяцев – 3048,30 тенге.
6 айға – 1828,98 теңге.	6 месяцев – 1828,98 тенге.

25% жеңілдікпен жазыл!

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.



Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: А. АҚЫБАЕВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 6898
Тапсырыс №279
Индекс 15534